

4 Сырдария – өркениеттер ізі сақталған құтты мекен



8 Қаламгер тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды



Сыр бойы

№103-104 (20979-20980) 12 шілде, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ КЕҢЕЙТУГЕ НИЕТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцария Ұлттық банкі басқарушылар кеңесінің төрағасы Мартин Шлегельді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Швейцария Ұлттық банкі арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Президент швейцариялық мамандар Қазақстанның Ұлттық банкіне тәуекелдерді басқару және төлем жүйелері секілді бағыттар бойынша техникалық көмек көрсететінін атап өтіп, олардың қызметіне жоғары баға берді.

Өз кезегінде Мартин Шлегель Қазақстан мен Швейцария ұлттық банкі арасында ақша-кредит саясаты және цифрлық қаржы салаларындағы диалогты жолға қойып, өзара ықпалдастық аясын кеңейтуге ниетті екенін жеткізді.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында валюта нарығын нығайту, ұлттық валюталарға сенімді күшейту шаралары және цифрлық активтерді дамыту мәселелері қарастырылды.

/// ҮКІМЕТ

ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЕНГІЗУ ҚАРҚЫНЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы шеңберінде әділет органдарында цифрлық шешімдерді енгізу барысымен танысты.

Осы ретте өткен жиында құқықтық жүйенің негізгі бағыттарына цифрлық шешімдерді енгізу қарқынын пысықтау, атқарушылық іс жүргізудің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, сот-сараптама қызметін жаңғырту және халықтың құқықтық көмекке қолжетімділігін кеңейту жөніндегі шаралар қаралды.

Үкімет басшысы цифрландыру мен жасанды интеллект элементтерін енгізу барлық саланың даму тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Мемлекет басшысы күні кеше іске қосқан суперкомпьютер еліміздегі цифрлық дамудың жаңа парағын ашып отыр. Бұл – Орталық Азиядағы алғашқы суперкомпьютерлік кластер, сондай-ақ аймақтағы ең қуатты есептеп шығару құрылысы. Оның мүмкіндіктері мемлекеттік органдар, ғылыми институттар, жоғары оқу орындары мен бизнес үшін қолжетімді болмақ. Сондықтан барлық ведомстволар осы бағыттағы жұмысты жандандыруы тиіс», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

АСПАЛЫ КӨПІР КӨЛІК АҒЫНЫН РЕТТЕЙДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенев, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңақорғандықтарды жаңа көпірдің ашылуымен құттықтап, өңірдегі жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарына тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт» деген болатын.

2023-2025 жылдары аймағымыздың 1232 шақырым автомобиль жолдары мен көшелерін,

18 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 121 млрд 500 млн теңге бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыз болмақ.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезказған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады. Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожолының құрылысы қарқынды жүруде. Бұл қаладағы көлік қатынасының жүктемесін біршама

төмендетеді. Мамыр айында Арал қаласында 940 метрлік аспалы көпір ел игілігіне табысталды. Жақын күндері Қармакшы ауданының Жосалы кентінде дәл осындай аспалы көпір құрылысын бастаймыз. Жаңа көпір Жаңақорғанның болашағына жол ашатын, ел игілігіне қызмет ететін алтын көпірге айналсын! Баршаныңа амандық, жасампаз істерімізге толағай табыс тілеймін! – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Рәсімде Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев, ел ағасы Нажмадин Мұсабаев құттықтау сөз сөйледі. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Серхожа Ыдырысов батасын берді.

Сондай-ақ аспалы көпірді салған мердігер мекеме қызметкерлері мен ауданның дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, Жаңақорған ауданының бюджеті соңғы 2 жылда 12,7 млрд теңгеден 22 млрд теңгеге артты.

Үш жылда 200 млрд теңгеге жуық инвестиция тартылды. Ауызсу мәселесі толық шешілді, 4 елді мекеннің су желілері жаңартылып, аудан халқы 100% таза ауызсумен қамтылды.

Бүгінде тұрғындардың 52%-ы «көгілдір отын» тұтынуға. Тағы 8 елді мекенді газдандыруға 7,3 млрд теңге бөлініп, жұмыс биыл аяқталады.

«Жайыл мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектептің екеуі Жаңақорғанда салынды. Сонымен бірге 3 жаңа амбулатория, «Төменарықта» 15 орындық аурухана пайдалануға берілді. Жақында 972 млн теңгеге аудандық ауруханаға қосымша ғимарат салынып, қазан айында қолданысқа беріледі.



ҚЫЗМЕТТІК ЖӘНЕ АРНАЙЫ КӨЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ

«Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен су, балық шаруашылығы, ветеринария қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен сала қызметкерлері қатысты.



Аймақ басшысы су, балық, мал шаруашылығы және ветеринария салаларында атқарылған жұмыстарды саралап, жиналған жұртшылықты кәсіби мерекемен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз!

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді. Бұл – экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам.

3-бет

/// Өңір өнімі

«ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ» САУДАҒА ШЫҚТЫ

Жаңақорған ауданында «Жайылма» атты ауыл бар. Қаратау беткейде орналасқан атақоныстың аты көршілес елдерге де жақсы таныс. Себебі тәтті қарбызымен танылған. «Жайылманың қарбызы» деген атаудың қалыптасқаны да қашан. Жаз келсе, сол қарбызды көпшілік кәдімгідей күтеді.



3-бет

Валюта бағамы \$ 520,93 kzt

€ 609,07 kzt

₸ 6,68 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+38°



+21°

Жексенбі



+37°



+25°



СУ – ТІРШІЛІКТІҢ КӨЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су шаруашылығы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекені құттықтап, су – бүкіл тіршіліктің көзі, әлемдегі барлық ел үшін аса маңызды стратегиялық ресурс екенін айтты. Бұл сала әрдайым мемлекеттің айрықша назарында.

Президент 2023 жылы халыққа Жолдауында суды тиімді пайдалану жайына ерекше тоқталып, елімізде су ресурстары және ирригация министрлігі құрылды. Нақты міндеттер айқындалып, ауқымды реформалар қолға алынды. Жаңа Су кодексі қабылданды.

Мемлекет басшысы ірі инфрақұрылымдық жобалардың, су нысандарын салуға және қалпына келтіруге бөлінген қаражат пен шетелдік инвестицияның, маман тапшылығын жоюдың маңыздылығына тоқталды.

Сондай-ақ халықты таза ауыз сумен қамтамасыз ету, су үнемдеу технологиясын қолдану, су дипломатиясын күшейту шараларын атап өтті. Су ресурстарын дамытуға үлес қосқан сала қызметкерлеріне алғыс айтты.

– Су экономикаға, экологияға, халықтың денсаулығына, жалпы, барлық салаға ерекше ықпал етеді. Сондықтан судың таза әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Елімізде Кіші Аралды құтқару үшін жылдар бойы ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның арқасында қашқан теңіз қайта оралып, айдыны суға толып жатыр. Каспий теңізі, Балқаш көлі, басқа да су көздерін сақтап қалу үшін нақты шаралар қабылдау қажет. Су дұрыс пайдалана білсең – құт, ысырап етсең – жұт. Былтыр Қазақстанның бірнеше аймағы қарғын судан қатты зардап шекті. Мұндай жойқын табиғи апат елімізде бұрын-соңды болмаған. Құр-

делі кезеңде сіздер қайсарлық пен кәсібиліктің озық үлгісін көрсеттіңіздер. Әр қызметкер күні-түні еңбек етіп, апат салдарын жоюға белсене атсалысты. Мен баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты іс-шарада Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның су шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады. Былтыр «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы бекітілді. Бүгін осы атак бірқатар ардагерге берілді.

Марапатталғандар қатарында Қызылорда облысының су шаруашылығы мамандары да бар. Сала ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденіне ие болды. Ал су нысандарын басқаруда біліктілігімен көзге түскен «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы «Шиелісушар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров пен «Қазушар» РМК Қызылорда филиалы «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Максұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен марапатталды. Аймақтың су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нысандарды тиімді пайдалану және суармалы егіншілікті дамытуға еңбек сіңірген марапат иелерін құттықтаймыз.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ОРМАН ТҰҚЫМБАҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Абден, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, ондағы тұрақты орман тұқымбақтарымен және Арал теңізінің құрғаған табанында атқарылған жұмыстармен танысты.

Мемлекет басшысының Жолдауында ел аумағына 2 миллиард түп ағаш отырғызу тапсырылғаны белгілі. Осы тапсырмаға сәйкес, облыста 2021-2027 жылдарға арналған орман өсіру көлемін ұлғайтудың кешенді жоспары бекітілді.

Өңірде 903 мың гектар алқаптың топырағын зерттеу және жобалау жұмыстары жүргізілді. 2021-2024 жылдары Арал теңізінің құрғаған табанындағы 659,1 мың гектарға екпелер егілді.

Быыл 440,9 мың гектар аумаққа сексеуіл көшеттері мен гауфит тұқымдарын егу жоспарланған. Егілетін көшет жеткілікті болу үшін уақытша тұқымбақтар ұйымдастырылған.



Сонымен қатар, Қазалы ауданында Дүниежүзілік банк қаржысы есебінен 33,5 гектар аумаққа тұқымбақ салынды. Жобаның құны 440,7 млн теңге, техникалар сатып алуға қосымша 179 млн теңге бөлінді.

Тұқымбаққа сексеуіл көшеті, жапырақты ағаш, жеміс тұқымы егілді, жеміс бақшасы және үйеңкі талының аналық бөлімі құрылды. Сондай-ақ қорғаныш жасыл жолақ, минералданған жолақ және компосттау жұмыстары атқарылды.

Тұқымбақ құрылысы аяқталып, облыс балансына берілді, қазір онда 47 адам еңбек етеді.

«СБ» ақпарат

БІРІКТІРЕ ТҮСКЕН БІР МҮДДЕ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбында XXVII сессиясы өтті.



Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Қарақат Абден, Мұрат Әбенов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат депутаттары, қала және аудан әкімдері, облыстық басқарма басшылары, саяси партия филиалдарының жетекшілері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары, үкіметтік емес ұйымдар мен облыстық Ассамблея құрылымдарының жетекшілері, бұқаралық аппарат құралдарының өкілдері, жастар қатысты.

Аймақ басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай

өңірде қолға алынған жұмыстарға тоқталды.

– Ассамблеяның 30 жылдығына «Қазатомпром» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд 800 млн теңгеге «Достық үйінің» жаңа ғимараты салынууда. Сәулетті ғимараттың іргетасын өздеріңізбен бірге 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қалаған болатынбыз. Нысан қараша айында ел игілігіне беріледі. Өздеріңізге белгілі, өткен 2024 жылды өңірімізде «Руханият жылы» деп жариялап, мәдени-көпшілік шаралармен бірге көптеген

ауқымды жобаны жүзеге асырдық. Барлық 7 ауданда ішінде қоғамдық келісім кабинеттері, неке кино залы, кітапхана, музей, архив, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар «Руханият орталықтары» салынды.

Бір мұрат, бір мүдде жолында тынымсыз еңбек ету – баршамыздың азаматтық міндетіміз. Достықты ту еткен, жасампаздық пен өрлеу жолындағы айшықты істеріміз көпке үлгі бола бергей! Бірлігіміз бекем, тірлігіміз толымды болсын! – деді облыс әкімі.

Сессияда этносаралық келісімді одан әрі нығайтудағы жұмыс бағыты айқындалды. Аймақ басшысы өңірдегі этносаралық жұмыс жоспарын жан-жақты талдап, оның тиімділігін арттыру мақсатында нақты ұсыныстар әзірлеуді және кеңес отырыстарын жүйелі түрде өткізуді тапсырды. Сонымен бірге, жанадан бой көтеретін «Достық үйі» туристік бағыттарға қосып, оны бірлік пен ынтымақты насихаттайтын заманауи мәдени-идеологиялық орталыққа айналдыру міндеті қойылды.

Жиында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының қоғамдық негіздегі орынбасары Дильфура Байрақтарова, «DaRALAcе» шығармашылық үйінің негізін қалаушы, «Шапағат» медалінің иегері Светлана Цой, облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Журналистер мен сарапшылар клубының мүшесі Айнұр Тұңғышбаева пікір білдірді.

Ассамблеяның 30 жылдығы аясында бірқатар азамат Қазақстан халқы Ассамблеясының мерекелік медалімен, ҚР Президенті Әкімшілігі Ассамблея хатшылығының Алғас хатымен, сондай-ақ облыс әкімінің Құрмет грамотасы және Алғас хатымен марапатталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// СЕССИЯ

ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Осы аптаның сәрсенбесінде облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы болып өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысты.

Депутаттар алдында алдымен 2024 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөнінде есеп берілді. Бұл жөнінде облыстық экономика және қаржы басқармасының басшысы Сәкен Мырзабек, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы Мұса Қалдарбеков баяндама жасады. Сала басшылары ұсынылып отырған өзгерістерді жан-жақты түсіндірді. Хабарламадан соң депутаттар бірқатар сұрақ қойып, нақты ұсыныс-пікірін жеткізді. Бюджет қаржысы тиімді және нәтижелі жұмсалуды қажеттігі баса айтылды.

Одан кейін облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Асхат Қанатов салада атқарылып жатқан жұмыстармен алдағы міндеттер туралы кеңінен баяндады. Оның айтуынша, облыстық білім басқармасына бөлінген қаржы 308,1 млрд теңгені құрады. Бүгінде өңірде үш ауысымда оқитын мектептер жоқ. Екі жыл бұрын 4 білім ошағына қосымша құрылыс салу есебінен аталған түйткіл толық шешім тапты. Былтыр білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, жергілікті бюджет және жеке инвестор есебінен 17 білім беру ұйымының құрылысы жүр-

гізілді. Олардың жалпы құны 8 млрд теңгеге жуық. Өңірде Президент бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша 10 мектеп бой көтеріп жатыр. Сондай-ақ жақында демейшілік есебінен музыкалық колледждің жаңа ғимараты елдің игілігіне айналды.

Сессия барысында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов Қызылорда қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы және қайта атау туралы, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Ғалымжан Еркебай 2025-2027 жылдарға арналған Қызылорда облысы бойынша қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы баяндама жасады.

Сессия соңында депутаттардың ұсыныс-пікірі ескеріліп, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

/// РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

ЖАҒАШЫЛДЫҚ ЛЕБІ ЖҮРТТЫ ҚУАНТАДЫ

Қазақ халқы «Туған жерге туанды тік!» деп бекер айтпаса керек. Туған жерін түлету, әлеуетін арттырып, халқына шарапатын тигізу нағыз адамдықтың белгісі болса керек. Шиелі ауданы да жыл сайын жаңа кейіпке еніп, гүлденіп келеді. Бұл, әрине, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың, аудан әкімі Айтбай Жанарбековтің, жанашыр азаматтардың сындарлы саясаты, білім, парасатының көрінісі. Мәселен, көшеде жарық шамдар орнатылып, электр бағаналары жанаруда. Балалар ойын алаңқайлары салынып, ашық спорт кешендері де жасөспірімдердің салауатты өмір салтын ұстануына себепкер болуда. Халық бұрынғы күйбең тірліктен арлып, «көгілдір отынға» қол жеткізуде. Жолдар жанарып, жаңа заманға сай көрікті ғимараттар бой көтерді. Соның бір гана айғағы – жуырда ел игілігіне берілген «Шұғыла» шағын ауданындағы тұрғын үйлер. Қарапайым халықтың қамын күйттеп, жұмыссыз, жалғызбасты, қонбалалы аналар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың жаңа үйге қол жеткізуіне мүмкіндік жасаған азаматтарға дән ризамыз. Елім дейтін ер болса, ерім дейтін ел қашанда табылады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған болатын. Бұл – еңбектің шынайы құндылығын танып, қоғам назарын қарапайым мамандық иелерінің абыройына бұруға бағытталған ерекше жыл. Олай болса, құрылысқа білек сыбана кірісіп, біз секілді тұрғындарға заманауи баспана тұрғызуға үлкен үлес қосқан азаматтардың да еңбегін елеусіз қалдырмағанды жөн көрдім. «Шұғыла» шағын ауданында жаңа үйлердің құрылысы басталған сәттен құрал-сайманын асынып, күннің ыстығына күйіп, суығына тона жүріп жұмыс істеген Ерсейіт Төрениязов, Алмат Абат, Айдос Нұрділдә, Жасулан Бердібеков, Жандос Өмірбеков, Асылбек Ақпанбетов сынды азаматтардың маңдай терін көзбен көрдік. Жаксылық жасауға даяр тұратын бұл азаматтардың қайырымды істерін ел жақсы біледі. Қолында барды үлестіре жүріп, үлкен істердің жүзеге асуына зор ықпалдарын тигізіп келеді. Адамның артында атак-даңқы емес, жасаған ісі, елге сіңірген еңбегі қалады. Міне, жас та болса бас болып, еліне, жеріне қызмет етіп

жүрген азаматтың атын ерекше атап айтуымыз да бекер емес. Аудан басшысымен бірлесіп жүріп жақсы жаңалықтарыңмен елді қуанта беріңдер. Еңбектеріңе ерекше ілтипатымызды білдіріп, алғысымызды да айтамыз.

Кезінде жазушы Жүсіпбек Аймауытов: «Мамандықтың шаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асырау жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе» деген екен. Ендіше жұмысшы мамандықтарына да үлкен құрметпен қарайтын кез келген секілді.

Бейбіт күнде берекесі тасып, ырзық-несібесі молайған Шиелінің шырайы арта берсін! Әрбір адам үшін туған жердің тау-тасы да қымбат. Еліміз дамып, экономикамыз өрлей берсін! Біз осындай ықылас-пейілімізді облыстың бас басынамыз – «Сыр бойы» арқылы жеткізуді ел санған едік.

Ұлғаным МАХАМБЕТОВА,
Шиелі ауданы «Шұғыла» шағын ауданындағы жаңа үйдің тұрғыны

ҚЫЗМЕТТІК ЖӘНЕ АРНАЙЫ КӨЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ

Күні кеше Мемлекет басшысы су шаруашылығы қызметкерлерін Ақордада қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлестеріміз, сала ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденімен, «Шиелісуар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров, «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Максұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен наградталды. Бұл – аймағымыздағы су шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға берілген жоғары баға.

Алаштың анасы атанған Сыр елі еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал да адал жандарға, еңбек адамдарына кенде емес. Біз еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсетіп, ғибратты ғұмырын жастарға үлгі-өнеге етуді дәстүрге айналдырып келеміз. Бұл – біздің басты парызымыз, – деді облыс әкімі.

Салтанатты шарада «Құрмет» орденімен су шаруашылығы саласының ардагері Бегеш Жақып,

«Ерен еңбегі үшін» медалімен «Қазалы су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы Болат Асербаев, «Су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен ардагер Әділхан Қарлыханов марапатталды.

Саланың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қызметкерге ҚР Премьер-министрінің Алғыс хаты, «Балық шаруашылығы саласына еңбек сіңірген қызметкер» құрметті атағы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалі, «Су шаруашылығының ардагері» және «Қазақстан Республикасы су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрлерінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, облыс әкімінің Алғыс хаты табыс етті.

Іс-шарада 42 қызметтік автокөлік пен 65 арнайы техниканың кілті аталған салалардың мекемелеріне берілді.

1-бет

«СБ» ақпарат



«ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ» САУДАҒА ШЫҚТЫ

Әйтсе де әуелі Түркістан облысының қауын-қарбызы саудаға шығады. Алғашқы өнімді тұрғындар тұтына бермейді. Өйткені құрамында нитраттар мөлшері шамадан тыс болады деп үрейленеді. Тиісті сала өкілдері арнайы зертханадан өткізгенде зиянды заттар анықталуда. Сол себепті жергілікті тұрғындар «Жайылма қарбызы» піскенін, базарға түскенін тосады. Бұл үрдісті саудагерлер де біліп алған. Тіпті базбіреулер «Жайылманың қарбызы» деп саудалайтын көрінеді. Бұл жөнінде Жанакорған ауданы әкімінің баспасөз хатшысы әлеуметтік парақшасында арнайы жазба қалдырды. «Қызылорда қаласында саудагерлер «Жайылманың қарбызы» деп сатып жатыр екен. Бұл жалған. Өнім Ташкент немесе сол маңдағы Жетісай жақтың қарбызы екені айдап анық. Біріншіден, Жайылмада немесе көрші ауылдарда қарбыз әлі толық піскен жоқ, екіншіден, піскен күнде де ең бірінші шаруалар қарбызды тонналап сыртқа сатады. Егін алқабынан жүздеген жүк көлігі кезекке тұрып алып кетеді. Алушылар нақты ақшаға сол бакша басында-ақ есептеседі. Таудың суын ішкен қарбыз өзгелермен салыстыруға келмейді, өте дәмді болады. Ерекшелігін айту қиын енді» деп келтірді ол.

Сонан бері арада біршама уақыт өтті. Жақында «Жайылманың қарбызы» пісті деген хабар алдық. Ақпаратты нақтылау үшін ауыл әкімі Әліби Бөкеевке хабарласып, анық-қанығына көз жеткіздік.

– Ерте көктемде еңбекке кіріскен қандар алғашқы өнімін жинады. Бастапқы нәтиже жаман емес. Қарбыз пісіп, базарға түсті. Биыл 500 гектарға егін егілді. Былтыр 510 гектар болды. Қарбыз егумен 12 шаруа

кожалығы айналысады. Биыл әр гектарынан 25-30 тонна өнім алынуда. Бір келісі 50-55 теңгеден. Қазір егін алқаптарында қызу тіршілік. Аптап ыстыққа қарамай, шаруалар өнімдерін өткізуде. Күн сайын қаншама жүк көлігі егіндік басына келеді, – деді ол.

Нұрсұлтан Ходжаев «Мырзатай» шаруа кожалығының төрағасы. Жиырма жылдан бері егіншілікпен айналысады. Биыл шаруашылық 80 гектар жерге қауын-қарбыз еккен. Шаруашылықта 30 адам еңбек етеді.

– Сәуір айында егу жұмыстарын бастадық. Ала жаздай нықтан кетпен түспеді. Уақытылы тыңайтқыш себілді. Зиянкестердің алдын алдық. Арамшөбін жұлып, жапырағы жайқалып өсуін қадағаладық. Су қоры да жеткілікті болып, аптасына бір рет суарып отырдық. Шүкір, еңбек еш кетпеді. Алғашқы өнім мол болды. Гектарына 25 тоннадан жоғары өнім алынуда. Қарбызды алқап басынан алып кетуде. Келісі бастапқыда 50 теңгеден жоғары болса, қазір 40 теңгеден де саудаланып жатыр. Негізінен алып-сатарлар ғой. Оларда тиісті жеріне жеткен соң өз бағасын қояды. Бізге өткені жақсы. Себебі піскен қарбыз уақытылы жұлынғаны дұрыс. Көбіне Батыс Қазақстан мен Ресейге жөнелтілуде. Сондай-ақ облыс көлемінде де сұраныс жоғары. Сырттан келушілер салмағы 5-6 келден жоғарысын алады. Үлкен қарбыз 15-20 келі арасында, – дейді ол.

Бейнеттің жемісін көрген абзал. Дикан үшін бұл өте маңызды. 80 күнде жұлуға жарайтын өнім үшін сол күннің бәрі бейнет. Еңбек адал. «Жер – жомарт, жерге сенген ел – жомарт, еңбек еткен ер – жомарт» деген жақсы сөз бар. Осы жолдағы еңбеккерлердің маңдай тері ақтала бергей.

1-бет

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ЕРТЕҢ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

Арал туралы айтылғанда ойға оралатыны – оның маржаны. Теңіз трагедиясын қайталай беріп қайтеміз?! Оның солтүстік бөлігін сақтау бағытында атқарылған жұмыс Сыр өңіріне, оның ішінде Арал аймағына соны серпін, тың өзгеріс бергені куантады. Осылайша теңіз жағалай қонған елдің жағдайы, әл-ауқаты бұрынғыдан әлдеқайда жақсарды. Ағайын көзінде қол үзіп қалған атақасіп – балықшылыққа қайтадан бет бұрды. Бүгінде облыста 9 балық өңдеу кәсіпорны бар. Соның 5-і еурокод жүйесі бойынша жұмыс істейді, яғни Еуропа елдеріне өнімін жөнелтіп жүр. Арал ауданына барғанымызда осындай кәсіпорындардың тыныс-тіршілігімен таныстық.



БАЛЫҚ ӨҢДЕУ САЛАСЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫС

«Арал» сервистік дайындау орталығының балық зауыты кеңестік одақ кезінде атағы дүрілдеп тұрған комбинат болды. Кәсіпорын тарихы мен оны аяққа тұрғызу бағытындағы көзге көрінбес талпыныс туралы зауыт директоры Әділбек Айымбетов айтып берді.

– Өткен ғасырдың 90-жылдары атағы дүрілдеп тұрған «Аралрыбпром» өндірістік бірлестігінің бас директоры болдым. 1997 жылы Алматыға ауысып кеттім, 2000 жылдан бастап он жыл бойы Қамыстыбас питомнигінің директоры болдым. Содан зейнетке шықтым. Зейнетке шығар алдында ойланым. «Көкарал» бөгеті салынып, Кіші теңіз, яғни Арал теңізінің солтүстік бөлігі пайда болды. Кіші теңіздің суы тұщығасын балықтың түр-түрі келді. Қазір су маржанының саны 22-ге жетті. Ауданда балық шаруашылығы қайтадан жандана бастады. Балық өңдейтін зауыт, цехтар салынды. Балық шаруашылығында тәжірибем болғасын соны елдің пайдалына жаратқым келді. Зейнетке шыққасын ермек болады деп бұрынғы балық комбинатының орнын сатып алдым. Реконструкция жасауға 108 млн теңге жұмсағам, 25 млн теңгеге қаржылай лизинг есебінен мұздатқыш пен автокөліктер алдым. Екінші деңгейлі

банктен 18 млн теңге несие алып, 2009 жылы құрылысын аяқтадық, – дейді балық шаруашылығы саласының ардагері, Арал ауданының құрметті азаматы Әділбек Әйімбетов.

Зауыт 2010 жылдың соңына қарай алғашқы өнімін нарыққа шығарды. Сол кездегі өнім сомасы 28 млн теңге шамасында болса, бүгінде бұл көрсеткіш 2 млрд теңгеге өсті. Кәсіпорын 2012 жылы Еуроодақ пен кеден одағы мемлекеттеріне балық өнімін жіберу құқығына ие болды. Балық өңдеу зауыттарының қатарында еурокод алған мұндай кәсіпорындар санаулы. «Арал» сервистік дайындау орталығы 2014 жылы Кіші Аралдағы

18 учаскенің 5-уін мемлекеттік конкурсы арқылы иеленді, яғни Қамбаш көлінің жартысы осы орталыққа тиесілі. Жылына 2 мың тоннаға жуық балық ауланады. Өңделген өнімнің 90%-ы экспорт үлесінде, оның ішінде Ресей, Дания, Нидерланды, Чехия, Грузия, Польша, Сербияға жөнелтіледі.

– Көксеркенің субе, ұнтақталған еті, уылдырығы, шортанның субе еті, кептіріліп тұздалған торға, қылыш сияқты өнім түрлеріне сұраныс басым. Бізде 50 шақты адам еңбек етеді, жұмысымызда үзіліс болған емес. 15 жылда көптеген нысан салынды. Оның ішінде 400 тонна

балық өңдейтін цех, «Бөген», «Мергенсай», «Ақеспе» ауылдық округтерінде балық қабылдау пункттері бой көтерді. 2 гектар шамасында жер, 10 шақты цехымыз бар. 6 рет Балықшылар слеті өтіп, соның 4-інде үздіктер қатарынан көріндік, – дейді зауыт басшысы.

Ал кезіргі күні Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің солтүстік жағалауында кәсіпорынға қарасты балық орталығы салынып жатыр.

«Қамыстыбас» балық питомнигінің тоған бригадирі Қылышбек Байбосыновпен әңгімеміз жұмыстың қиындығы мен қызығы бағытында өрбіді. Ол мұнда қырық жылға жуық уақыттан бері еңбек етіп келеді. Кәсіпорын Арал ауданының «Қосжар» елді мекенінде орналасқан. Қызметіндегі басты бағыт – мемлекеттік

дөңмандайды айтар едім. Өйткені ол көп күтімді қажет етеді. Басқа балықтарға қарағанда қатты ыстыққа төзімсіз. Балық шаруашылығы – қиындығы мол кәсіп, ешқандай қателесуге болмайды. Себебі сенің бір ғана қателігің миллиондаған балықтың өміріне қауіп төндірүі мүмкін. Сондықтан күн мен түнді елемей, бар уақытыңды, назарыңды тек жұмысқа аударуыңа тура келеді, – дейді Қылышбек Байбосынов.

Кейіпкеріміз әр мезгілдің өзіне тән ерекшелігі барын айтты. Қыста тоғандардың мұзын ойып, балықтардың жай-күйін бақыласа, мұзы толық ерігесін сәуір айында тұқы, дөңмандай, ақ амур балықтарын бөліп, жайылым тоғандарға жібереді.

– Негізгі жұмыс осыдан кейін, яғни мамыр айында басталады. Балықтардың аталығы мен аналығына зауыттық әдіспен инъекция жасап, уылдырық алуға кірісеміз. Дернәсілдерді жасанды жолмен шығарамыз. Бұл процес мамыр-маусым айларында жүреді. Осы аралықта 50 млн-ға жуық дернәсіл пайда болады, – дейді кәсіпорын өкілі.

Қамыстыбас балық питомнигі екі жыл бұрын Қазақстанның қызыл кітабына енген, жойылуға шақ қалған Арал қазыны жинап, өсіруге ден қойды.

– Сонымен қатар Қазақстанның қызыл кітабында кездесетін, Арал теңізінде жойылып кеткен бекіре тұқымдас Арал пілмайы әкелінді. Келешекте одан өнім алып, қорын арттыру үшін тағы да көптеп әкелуді жөн көріп отырмыз, – дейді Қылышбек Байбосынов.

Балықшы Кіші Арал теңізінің толуы ихтиофаунаның дамуына септігін тигізетініне сенімді. Себебі су келсе, балық та, балықтың қорегі де көбейеді деп есептейді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»





Сырдария ауданы – тамыры терең, тарихы кенен, бөреке-бірлігі бекем киелі өңір. Қасиетті қарт өзеннің жағасында орналасқан ынтымағы жарасқан ауданның бүгінде әлеуметтік-экономикалық әл-ауқаты қарқынды дамып, аймақтың алдыңғы қатарынан көрінуде. Ауданнан шыққан Социалистік «Еңбек Ерлері» Дүйсенбай Керейбаев, Нағи Ілиясов, Ибадулла Ақниязов, Цой Ги Хва, Қасым Бөдеев, Ахмет Халықов, Алдаберген Бисенов, Бақытжан Серімбетов, Амангелді Ахметов, Орынбасар Бәйімбетов, Қуаныш Сарбөпеев секілді азаматтар мен Күләнда Әбдіраманова, Айша Меңлібаева, Балдырған Мұстафаевалар еңбектің ерен үлгісін көрсеткен. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін «Еңбек Ері» атағын иеленген Абзал Ералиевтің ауылды гүлдендіріп, дамытуға қосқан еңбегі зор. Осындай ел ағаларымен мақтанатын аудандағы Н.Ілиясов, «Бесарық» секілді ауылдар облыстың ғана емес, елімізде маңдайалды, озық елді мекенге айналды. Газет тілшісі аудан әкімі Берік Сәрменбаевпен ауданның даму барысы, атқарылып жатқан жұмыстар туралы әңгімелескен еді.

Нәтижесінде ауданның электр жүйесінің тозу деңгейі 65 пайызға төмендеді.

Оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында Қызылорда облысында құны 800 млрд теңгені құрайтын қуаттылығы 1100 мегаваттық жаңа бу-газ қондырғыларының құрылысы жоспарлануда. Жаңа бу-газ қон-

сында да біршама жұмыс атқарылды. Аудан орталығында неке кино залы, кітапхана, музей, мұрағат, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі бар құны 1,5 млрд теңгені құрайтын «Руханият орталығы» бой көтерді. 2025 жылдың ақпан айында ел игілігіне пайдалануға берілді. Аудан орталығына ерекше сән беріп тұрған ғимаратта, мәдени-көпшілік шаралар,

Бұл ауданның туризм саласындағы әлеуеті зор, оны дұрыс бағытта дамыта білсек, еліміздің танымал туристік орталықтарының қатарына енуі әбден мүмкін.

Сырдария ауданында туристік әлеуетті дамыту мақсатында нақты қаламдар жасалуда. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі аудан арқылы өтеді. Осы жол бойында екі бірдей қызмет көрсету кешені жұмыс жасауда. Бұл нысандар арқылы жылына 3000-нан астам туристке қызмет көрсетуге мүмкіндік бар.

Көне тарихтың көзі Сыр бойындағы қалашықтар деуге болады. Сырдария – аты айтып тұрғандай, қазақ даласының күре тамыры саналатын Сыр өзенінің бойын жағалай орналасқан аудан. Бұл өңір – ежелгі өркениеттер мен Ұлы Жібек жолының ізін сақтап қалған құтты мекен. Аудан аумағында орта ғасырларға тән бірнеше көне қала орындары сақталған. Соның ішінде Асанас, Қышқала, Қосасар секілді тарихи қалашықтар – археологтардың да, туристердің де қызығушылығын тудырып отыр. Археологтардың айтуынша, бұл қалалар XII-XIV ғасырларда өркендеген, сауда мен қолөнердің орталығы болған. Бүгінде бұл нысандарды тарихи-танымдық туризм нысаны ретінде қайта жаңғыртып, келушілерге арнайы маршруттар жасақтау жоспарлануда. Сырдария ауданы бойынша 60 тарихи-мәдени ескерткіш мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 4-ресубликалық маңызы бар (Мұлқалан кесенесі, XVI ғ., Сырығтам кесенесі, XIII ғ. Асанас кесенесі, XVII ғ. Қожан кожа кесенесі, XVIII ғ.), 14 жергілікті маңызды бар және 44 ескерткіш ала тізімге алынған. 60 ескерткіштің 15-і археологиялық, 45-і қала құрылысы және сәулет ескерткіші болып бөлінеді. Осы ескерткіштерді де тарихи орындар ретінде пайдаланып, туристік қызметті дамытуға жұмыс жасаймыз.

– **Аудандағы жол сапасы мен көлік қатынасы мәселесі қалай шешіліп жатыр?**

– Өткен жылдың қорытындысымен аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 99% болды. Бұл көрсеткішті биыл жыл қорытындысымен 100%-ға жеткізу мекеленген.

Ауданға қарасты кент және елді мекендерде, жалпы ұзындығы 238,3 шақырымды құрайтын 227 көше бар. Оның ішінде 198,6 шақырымы асфальтты жолдар, қалғаны қиыршық тас төселген және қарапайым қатынас өзегі. Бүгінгі күнге ішкі жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайы 82% құрап отыр. Биыл жол саласын дамыту жоспары бойынша бүгінге дейін 1184 млн теңге көлемінде қаржы бөлінді. Оның 612,4 млн теңгесі облыстық, қалғаны аудандық бюджеттен қаралған. Атап айтқанда, облыстық бюджет есебінен «Шаған» ауылында 3 көшеге, «Шіркейлі» ауылдық округіндегі Б.Жақыпов көшесіне күрделі жөндеу, С.Сейфуллин ауылында Ә.Байназарұлы, М.Арықұлы, З.Әбілдаұлы көшелерінің автомобиль жолын күрделі жөндеу жобалары. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 10,2 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Қызылорда-Аэропорт-Қоғалықол-Шіркейлі» автомобиль жолын орташа жөндеуге аудандық бюджеттен 571,6 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар атқарылууда.

– **Қазір жаз мезгілі болғандықтан таза ауызсу тұтыну көлемі артатыны белгілі. Аудан түгілі, қала орталығында да кей кезде ауызсудың қысымы төмендеп кетеді. Мұндай мәселе сіздерде бар ма?**

СЫРДАРИЯ – ӨРКЕНИЕТТЕР ІЗІ САҚТАЛҒАН ҚҰТТЫ МЕКЕН

– **Берік Әбдіганпарұлы, өзіңіз аудан басшылығына келгеніңіз екі жыл болыпты. Оның алдында да аудан әкімінің орынбасары қызметін атқардыңыз. Жалпы бұл жердің тыныс-тіршілігі өзіңізге жақсы танымал деп ойлаймын. Бүгінгі даму деңгейіне, экономикалық әл-ауқатына тоқталсаңыз...**

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен, аймақ басшысының қолдауымен мемлекеттік бағдарламалар аясында ауданда жоспарланған ауқымды жұмыстар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму бағытында тұрақты өсім қалыптасты. Жыл басынан бері ауданда барлық сала бойынша даму динамикасы сақталды. Экономикаға тікелей ықпал ететін ауданның өнеркәсіп орындары 42,5 млрд теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 7,5 пайызға ұлғайды. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібі 6,9 млрд теңгені құрап, 34,7 пайызға өсті. (Тау-кен – 3,5%, тамақ өнеркәсібі – 26,8%, металл емес минералды өнімдер – 9,6 есеге ұлғайып отыр). Ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы өнімі осы жылдың қантар-мамырында 2,5 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2,7 пайызға артып отыр. Биыл аудан экономикасына 30,7 млрд теңге негізгі капиталға инвестиция тартылды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 118,5 пайыз. 8139 шаршы метрге тұрғын үй салынып, 5,3 пайызға ұлғайды. Құрылыс жұмыстарының көлемі биыл 5197 млн теңгені құрап, 107 пайыз болды. Бөлшек сауда айналымының нақты көлемі 1,3 млрд теңге болып жылдық тиісті кезеңімен салыстырғанда 100,2 пайызды көрсетті. 2025 жылдың I маусымына 2698 шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері тіркелген. Оның 153-і шағын және орта кәсіпкерліктің заңды тұлғалар, 1275 жеке кәсіпкер, 1270 шаруа және фермер қожалығы.

Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъекті саны 2639 болып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 96,6 пайызды құрады. Жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің үлесі 97,8 пайыз. Міне, көрсеткіштердің барлығы ауданның даму динамикасының жоғары екенін байқатады.

– **Қазір қандай ақпарат болсын барлығы қолжетімді. Ауданның дамуы, жылт еткен жаңалығы болсын теледидардан көрсетіліп, әлеуметтік желі мен баспасөз беттерінде жарық көріп жатады. Ауданда іргелі істер барын да білеміз. Дегенмен өзіңізден тағы бір естіп білгіміз келеді. Басты-басты жобалар жайында айтып кетсеңіз...**

– Ауданда жол, құрылыс ком-

муналдық сала және абаттандыру бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Мемлекет басшысы халықты қолжетімді баспанамен қамту – басым бағыттардың бірі екенін атап өтті. Осы ретте, өткен жылы «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары негізінде Тереңөзек кентінде 144 пәтер сатып алынып, кезекте тұрғандарға табысталды. Ауданда елді мекендерді табиғи газбен қамту жұмыстарына ерекше мән берілуде. Алдыңғы жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 330 млн теңгеге Қалжан ахун ауылы «көгілдір отынға» қосылды. Былтыр құны 1 млрд теңгеге Сәкен Сейфуллин және Асқар Тоқмағанбетов ауылдары газдандырылды. Биыл Нағи Ілиясов ауылы «көгілдір отынға» қосылды. Сонымен қатар, аудан көлеміндегі іргелі ең үлкен ауыл «Шаған» ауылына газ құбырын тарту жұмыстары жүргізілуде. Аталған елді мекен тұрғындары биыл табиғи газдың игілігін көретін болады. «Ақжарма» ауылына да газ тарту жұмыстары үшін тиісті қаржы бөлініп, қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес жұмыс жасалуда. Осы жұмыстардың нәтижесінде аудан халқын газдандыру деңгейі 70 пайызға жетеді. Электр

жұмыстары Сырдария ауданының аумағында салынады, оған 270 гектар жер бөлінді. Жоба ауданның экономикасын дамытуға септігін тигізеді.

Өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен құны 174 млн теңгеге Тереңөзек кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлер аудасын абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Мемлекеттік бағдарлама аясында құны 73,2 млн теңгеге аудан орталығында 6 көпқабатты тұрғын үй қайта жаңғыртудан өткізілді.

Аудандық бюджет есебінен 200 млн теңгеге орталықтағы «Тағзым алаңы» абаттандырылып, «Жастар аллеясы» салынып, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес, аудан көлеміндегі халық көп шоғырланған, әлеуметтік нысандар мен мектептер орналасқан көшелерге 250 млн теңге қаралып, 6 көшеде 13 шақырым жаяу жүргіншілер жолы салынды. Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында ауданда «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ» және «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылып, санитарлық тазарту, көркейту және қолдандыру жұмыстары тұрақты жүргізілуде. Осыған байланысты Тереңөзек кентінде 475 млн теңгеге тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптауға арналған полигон пайдалануға берілді. Қазіргі таңда 7 адам жұмыспен қамтылып, тұрмыстық қалдықтар сұрыптаудан өтуде. Аймақ басшысының бастамасымен үшінші рет өткізілген «Үлгілі елді мекен» байқауының нәтижесінде Тереңөзек кенті жүлделі орынға ие болып, тазалық жұмыстарына 2 арнайы техника берілді.

Биыл Тереңөзек кентінің көшелерінде жаяу жүргіншілер жолын салу, көпқабатты тұрғын үйлердің ауласын қайта жаңғырту, 6 көшеге қиыршық тас төсеу, «Ақжарма» ауылына газ тарту, Аманкелді ауылында 2 көшеге қиыршық тас төсеу, «Жетікөл» ауылының 5 көшесіне ағымдағы жөндеу, ойын алаңын салу, «Шаған» ауылының кварталішілік газ тарату желісінің құрылысы, көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, «Шіркейлі» ауылында І, С.Сейфуллин ауылында 3 көшеге күрделі жөндеу, электрмен жабдықтау, А.Тоқмағанбетов ауылын электрмен жабдықтау, жаяу жүргінші жолын салу секілді жұмыстар биылға жоспарланып отыр.

Аймақ басшысының бастамасымен өткен жылы «Руханият жылы» деп жарияланғаны белгілі. Осыған орай ауданымызда мәдениет сала-

рухани кештер үздіксіз жүргізіліп, кітапхана оқырмандарына 24 сағат жұмыс жасауда. Айтуды жылыда ауданның мәдениет саласына үлкен қолдау көрсетіліп, клубтар мен мәдениет үйлері жанынан түрлі бағыттағы шығармашылық үйірмелерді қамтитын «Адал адам» рухани-мәдени орталықтары жұмысын бастады. Бұл орталықтарда 35 жаңа үйірмелер ашылып, онда жастар мен жасөспірімдер шығармашылықпен айналысуда.

Құны 185,4 млн теңгеге «Бесарық» ауылдық мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті және Аманкелді, «Жетікөл», Н.Ілиясов, «Шаған»,



желілерін қайта жаңғырту жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. 2023 жылы құны 1,6 млрд теңгеге «Айдарлы», «Жетікөл», Аманкелді, «Қоғалықол» елді мекендерінің электр желілері (барлық бағаналар, сым, трансформаторлар) 100 пайыз ауыстырылып, қайта жаңғыртылды, 2024 жылы 1,6 млрд теңгеге «Шаған» ауылында дәл осындай жұмыстар аяқталып, бүгінде Қалжан ахун елді мекенінде тиісті шаруа атқарылууда.



— Ауданда тұрғындарды сапалы ауызсумен қамту жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Негізінен, аудан халқы 100 пайыз орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілген. Дегенмен, «Сырдария аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесімен бірлесіп жүргізілген зерделеу барысында тозығы жеткен су жүйелері анықталып, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп келеді. «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» бағдарламасымен 725 млн теңгеге Тереңөзек кенті, «Шаған», «Қоғалы-көл», Аманкелді ауылдарында 14,5 шақырым ауызсу құбырлары қайта жаңғыртудан өтті. Аудандық бюджет есебінен 22 млн теңгеге Аманкелді,

асыл тұқымды түлік өсіруде. Асыл тұқымды 1000 бас мүйізді ірі қара, 4749 бас қой бар. 2025 жылы «Кең дала», «Агро-бизнес» бағдарламалары бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ы, «Сырдария-1» кредиттік серіктестіктері арқылы 15 шаруашылық құрылым егін және мал шаруашылығын дамытуға 3,5 млрд теңге несие алды. Солтүстік Қазақстан облысының агроөнеркәсіптік кешен саласындағы тәжірибесін алмасу бағдарламасы бойынша ауданда қуаттылығы 400 бастан бастап тауарлы сүт фермасын ашу жұмыстары қолға алынды. Жобаның бастапқы құны шамамен — 3,7 млрд теңге. Ауданда жыл басынан 2698 шағын



«Қоғалыкөл», «Шіркейлі» және Н.Лиясов елді мекендерінің су мұнаралары жанарды, 118 млн теңгеге Сәкен Сейфуллин және «Інкәрдария» ауылдарында қосымша барлау-өндірістік ұңғымасы орнатылып, пайдалануға берілді. Соңғы 2 жылда 9 ауылдық елді мекеннің су мұнарасы мен оған қажетті құрылыстар ауыстырылды.

— Білімше сіздің мамандығыңыз құрылысы. Ауданда құрылыс қарқыны қандай? Олардың сапасын өзіңіз қадағалайтын боларсыз...

— Әрине, қазіргі таңда аймақ басшысының негізгі талаптарының бірі — құрылыс сапасына мән беру, жоғары деңгейде жұмыс жүргізу. Аудан көлеміндегі құрылыс жұмыстарын аудандық мәслихат депутаты, қоғамдық кеңес пен азаматтық институт өкілдерімен бірге тұрақты түрде бақылауға алғанбыз.

— Сырдария ауданының негізгі экономикалық тірегі — ауыл шаруашылығы. Бұл салада қандай жетістіктер мен қиындықтар бар? Шаруалардың жайы қалай? Шағын және орта кәсіпкерлік туралы айтарыңыз бар ма?

— Әр сала бойынша айтатын болсақ, ауданда биыл 35 899 гектарға егін екті. Оның ішінде, күріш 22704, жаздық бидай 2000, арпа 40, мақсары 600, жана жоңышқа 2200, картоп 145, көкөніс 240, бақша 420, ескі жоңышқа 7400 гектарды құрап отыр. Шаруашылық құрылымдары 6455 гектар жоңышқадан (1 орым) 6455 тонна шөп жинап, орта өнім 10 центнерден келді.

— Биылғы егіске 5250 тонна күріш тұқымы құйылды. Оның ішінде «Айсара», «Лидер», «Янтарь», «Яхонт», «Патриот», «Маршал» сорттары бар. Қажетті 10 600 тонна минералдық тыңайтқыш толық сатып алынды. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 780 дана ауыл шаруашылығы техникалары қатысты. Үкімет тарапынан көктемгі дала жұмыстарына қажетті 1983 тонна дизель отыны шаруашылық құрылымдарына жеткізілді. Жыл шаруашылықтар 3500 гектар жерге лазерлік тегістеу жұмыстарын жүргізіп, нәтижесінде ауданда күріш алқаптарының 55,1 пайызы тегістелді. Бұл жеке жыл соңына дейін 63 пайызға жеткізіледі. «Қазушар» РМК облыстық филиалымен 118 шаруа қожалық суға келісім шартқа отырды. Ауданда барлығы 81 дана насос қондырғысы бар. Оның ішінде, шаруашылықтар егінге 34 дана насосты пайдалануда. «Қазушар» РМК-да 13 дана, оның 11-і қашыртқылар бойына орнатылған. Ауылдық округтерде 33 дана насос аяқсумен қамтамасыз ету үшін жұмыс істеп тұр.

Тұрғындардың өзін-өзі әлеуметтік маңызды бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында егін алқаптарынан 175 гектар қосымша жер ашылып, 780 адам егін екті.

Техникалық саясатты жетілдіру және машина-трактор паркін жаңарту жұмыстары соңғы жылдары қарқынды жүргізілуде. Қазіргі кезде шаруашылықтар шетелдік заманауи, жоғары технологиялық ауыл шаруашылығы техникаларына басымдық беріп келеді.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы құрылымдарынан 17 дана техника статистика бөліміне тіркеліп, негізгі қорға 405 млн 682 мың теңге салынды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара 28,2 (38819 бас), жылқы 100 (28662 басқа), құс 3,6 (13419 басқа), түйе 100 пайызға (1716 басқа) өсті. Осының есебінен өнімділік те артты.

Қазіргі таңда ауданда 128 құрылым мал шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде 11 шаруашылық

және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелді. Оның ішінде жұмыс жасап тұрғаны — 2639. Жалпы мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар аясында құны 4,1 млрд теңгені құрайтын 81 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде, құны 4 млрд теңгенің 45 жобасы несие болса, құны 56,6 млн теңгенің 36 жобасы грант қаражаты.

Бағдарламаларға келетін болсақ «Агробизнес» бағдарламасы аясында құны 7,6 млн теңгенің 2 жобасы, «Кең дала 2» бойынша 3,5 млрд теңгеге 13 жоба қаржыландырылды. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша құны 109,5 млн теңгенің 13 жобасы оң шешім алып, қаржы бөлінді. Сонымен қатар, «Ұлттық жоба» шеңберінде жаңа бизнес идеяларды іске асыру мақсатында 1 572 800 теңгеден 36 адамға 56,6 млн теңге көлемінде мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Қызылорда филиалы арқылы құны 405,6 млн теңгеге 17 ауылшаруашылық техникалары мен құрал-жабдықтары алынды.

Өздеріңізге белгілі, өткен жылы Үкімет басшысы облысқа жұмыс сапарымен келіп, әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты. Сыр еліне сапары барысында ауданға қарасты «Бесарық» ауылындағы «Ауыл аманаты» жобасының жүзеге асуын көріп, оң бағасын берді. Бұл — біз үшін ортақ жетістік. Жалпы «Бесарық» ауылында жеке кәсіпкер ғимарат салып, ауылда кәсіппен айналысқысы келетін тұрғындарға кредит алуына салынған ғимаратты кепілдікке қойып, жағдай жасауда. Бұл жаңа кәсіпін бастаған азаматтарға өте қолайлы.

— Сіздерде жер дауы мәселесі көп қозғалады. Қазір мәселе шешімін тапты ма? Тұрғындармен қаншалықты тығыз кездесісіз?

— Сырдария ауданы бойынша қоғамдық-саяси және діни ахуал тұрақты негізде сипатталады. Жыл басынан діни шиеленіс тудыратын проблемалық мәселелер орын алған жоқ.

Жер дауы деген мәселеге келсек, дұрыс түсіну қажет, жергілікті атқарушы орган жеке сектор, яғни шаруашылықтың жұмысына араласа алмайды. Ол жерде жер бөлу және тағы да басқа мәселелер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді құрған құрылтайшылар мен үлескерлердің өзара дауыс беруі арқылы шешіледі. Сол себепті тиісті заңдылықтар мемлекеттік органдар тарапынан түсіндіріледі.

Сырдария ауданына қатысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер қатынастары бойынша шиеленісті жағдайлар жыл басында орын алған болатын. Мәселе аймақ басшысының бақылауына алынып, тиісті құқық қорғау органдары және сала басшыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, тараптар келісімге келіп, жерлерін бөліп алып, толық егіс жұмыстарын жүргізді. Қазіргі таңда мәселе жоқ.

Ал тұрғындармен кездесуге келсек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жылына екі рет аудан көлеміндегі барлық ауылдарда тұрғындармен кездесіп, еркін форматта сұхбат жүргіземін. Сонымен қатар аудан әкімдігінде кестеге сәйкес әр аптаның жұма күні жеке қабылдау өткізсем, шұғыл мәселелер бойынша күнделікті қабылдауға дайынмын.

— Уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңыз үшін рақмет. Еңбеккер елдің несібіз мол болғай. Бастамаларыңызға сәттілік тілейміз!

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»,
Қызылорда — Сырдария —
Қызылорда.
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



«Қызылорда-Ақтөбе» БАҒЫТЫ АШЫЛАДЫ



Сырдария өзенінің сол жағалауында құрылыс қарқын алған. Былтыр онда жаңадан автовокзал салынып, ел игілігіне берілген болатын. Сапаржай «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық күрежолына жақын орналасқандықтан, автобустар қала ішіне кірмейді. Тиімді тұсы да осы. Бүгінде қаншама жолашуы діндеген жеріне жетуде. Осы орайда қала әкімдігінің ұйымдастыруымен пресс тур өтті.

Ғимарат заман талабына сай. Айналасы абаттандырылып, жолаушылар үшін барлық жағдай қарастырылған. Нысан екі қабатты. Бірінші қабатта күтушілер залы, касса, ана мен бала бөлмесі, жүк сақтау камералары, лифт болса, екінші қабатта медициналық қызмет көрсету, жүргізушілердің тынығу бөлмесі мен асхана бар. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да жағдай жасалған. Автобустар мен жолаушы тасымалы, қызметі жайында «Автобус паркi» ЖШС директорының автовокзал бойынша орынбасары Жансұлтан Елшекенов айтып берді.

— Автовокзалдан күніне «Қызылорда-Ташкент» халықаралық рейсі, облысаралық Астана, Қарағанды, Жезқазған, Алматы, Әйтей, Сарыағаш бағыттарына автобустар қаты-

уапты. Қоғамдық көлік мәселесі де шешімін тапқан. Мұнда 25, 16 нөмірлі маршруттар қатынайды. Сондай-ақ экотакси қызмет көрсетеді.

— Адамдар енді үйренісіп келеді. Бастапқыда шет аймақта орналасқанын алға тартатын. Маршруттар уақытылы жүргеннен кейін келе бастады. Арнайы байланыс телефондарына күндіз-түні хабарласады, қызмет сапасы жақсарды. Билеттер 3-4 күн бұрын өтіп кетуде. Астана, Алматы бағытына жатын орны бар автобустар шығады. Бұл халық үшін өте тиімді. Әсіресе, үлкен кісілер мен балаларға, аналарға ыңғайлы. Алдағы уақытта жолаушылар саны артып жатса, жеке кәсіпкерлермен келісіп, билетін ұйымдастырып берсек, олар қосымша автобустар шығаратын болады, — дейді ол.



найды. Сондай-ақ ауданаралық бағыт бойынша Арал, Қазалы, Бекарыстан би, Төретам, Жосалыға күнделікті маршрут жүреді. Нысан тәулігіне 200 жолаушыны қабылдайды. Автобустар соңғы үлгіде жабдықталған. Рейстер көбіне түстен кейін ұйымдастырылған. Билет бағасы тиімді. Мәселен, Ташкентке бару үшін билет құны 4500 теңге, себебі, жолаушыларды үйрету үшін ең төменгі тарифті ұсынып отырмыз. Келушілерге 7 кассир қызмет көрсетеді. Сұраныс артса, санын көбейтуге мүмкіндік бар. Билет онлайн да, касса арқылы да сатылады. Бұдан бөлек, теміржол вокзалынан да қосымша пункт аштық. Себебі, пойыздан түскен жолаушылар сол жерден автобустарға отырады. Тағы бір жаңалық осы айдың ортасында «Қызылорда-Ақтөбе» рейсі ашылады, — дейді ол.

Қазір автовокзалда 15 адам еңбек етеді. Ғимарат пен аумағының қауіпсіздігіне «Ер-Нұр» ЖШС жа-



Сондай-ақ басқа облыстық тасымалдаушылар «Салтанат» автовокзалынан облысаралық Шымкент, Түркістан және ауданаралық Шиелі, Жаңақорған маршруттары тұрақты жүреді. Ал ескі базар аумағынан ауданаралық Жалағаш және ауылдарына арнайы автобустар шығады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арналған Жолдауында «Көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс» деген болатын. Жолаушылар мен жүк тасымалын ұлғайту мақсатында салынған автовокзал бүгінде алыс пен жақынды байланыстырған алтын көпірге айналды.

Мұнан кейін қала ішіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін қайта жаңғырту жұмыстарымен танысып шықтық. Кейінгі кездері қаладағы көпқабатты тұрғын үйлердің сыртқы көрінісі көз тартады. Әсіресе, орталықтағы үйлер жаңа кейіпке енген. Өрлеу, жөндеу, қаптау жұмыстары жыл сайын жалғасуда. Сыртқы жаңғыртумен айналысатын мердігер «Ақмар» ЖШС-ның өкілі Әміржан Бейсенов атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде кеңінен айтып берді.

— Осы салада жүргенімізге біршама уақыт болды. Былтыр да қаланың бірқатар көпқабатты тұрғын үйінің сыртын қаптап, сәнін келтірген болатынбыз. Биыл да жаңғырту жұмыстарын қолға алдық. Атап айтар болсақ, Абай, Қонаев, Әйтеке би көшесіндегі және шағын аудандардағы көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғыртамыз. Бұл жұмыстарды бастап кеттік. Қажетті материал арнайы Қарағанды қаласындағы заводтан келеді. Сапасы өте жоғары. Ыстық, суыққа төзімді. Жөндеу жұмыстарына 56 адам жұмылдырылған. Мына қапталып жатқаны бесінші үй. Әр тұрғын үйдің құрылысына 12 адам тартылған. Жоғары-төмен түсуге арналған 20 құрылғы пайдаланылуда. Бес ай уақыттың ішінде жұмыс толық аяқталды деп отырмыз. Қазір Абай даңғылы №33, Тоқмағамбетов №1 деп аталатын екі үйді аяқтап қойдық, енді Абай №28, Әйтеке би №26, Қонаев №26-дағы үйлер қапталуда, — дейді ол.

Былтыр 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін жаңғырту жұмыстарын «Ақмар», «BSG инженеринг» ЖШС жүргізді. Биыл 21 көпқабатты тұрғын үйдің сыртын қаптау үшін мердігер мекеме жұмысын бастап кетті.

Сондай-ақ көпқабатты тұрғын үйді жаңғыртумен қатар, ауласындағы ойын алаңдарын жөндеу жұмыстары да қолға алынған. Былтыр қаладағы 25 көпқабатты тұрғын үйдің ойын алаңы күрделі жөндеуден өтті. Оның ішінде 15 балалар ойын алаңының мердігер «Азамат құрылыс» қайта жөндеу, 10-ын «Авангард» ЖШС іске асырды. Биыл 20 ойын алаңының құрылысына жобаметалдық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтінім жолданған. Қаражат қаралса, іс басталмақ.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



Фото: Қала әкімдігі

Кербұғы

(Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбөкұлы Сапарбаевтың рухына арнаймын)

Жол бергендей жаңа Айға бұлт жарыла,
Қайраткер аз шын туған жұрт бағына.
Шаш етектен шалалар, даралар аз,
Жалау болып жаралған жұрт жанына.


...Енді екі мың он үштің қыркүйегін,
Есіме алып ағыттым жыр тиегін.
Алтайдағы атакты мүшәйраға,
Асқан кезі жүлдегер жұрт негін.
Құнан да бар...
Сол топта Құлагер де,
Болатынмын ішінде мына мен де.
Күншығыстың әкімі Сапарбаев,
«Күн көсемді» ап,
алаңға ұлы Абайды
Белгілі еді қойғаны сірә да елге,
Сол мүшәйра басталар қарсаңында,
Өскемендік жиналған барша мұнда,
Кенді аймақтың әкімі келелі ісін,
Жан-жаққа БАҚ жарылап жар салуда.
...Бар назары ауған бұл сәтке көптің,
Көппен бірге әлгі бір бакка жеттім.
Тас тұғырдың үстінде таудай биік,
Мүсін тұрды астында ақ кеңептің.
«Кімдікі бұл?..»
Сан сауал көңілімде,
Талай аймақ басқарған өмірінде,
Ол осынау Өскемен шаһарында,
Абайдан соң Қабанбай, Қайсенөкпе
Ескерткіштер қойғаны ел ісі деп,
Таң қалдырды тіпті де мені мүлде.
...Алған кезі азанғы қала тыныс,
Қазір кеспек тұсауын және бір іс.
– Оралханға ескерткіш ашылады,
дейді Мынбай Рашев: – қане, тыныш.
...Шымылдығын мүсіннің тарта ұстады,
Сол кездегі Бердібек алыпстағы.
Кербұғыдай Оралхан келбетіне,
Жиналған жұрт қол соқты әр тұстағы.
Сәл сөйлесті әлгі әкім нәгі Сырдан.
Ақындармен сол жерде шақырылған,
Өскеменде бұл жолы жаңа ашылған,
Ескерткіште Оралхан аты тұрған.
Бәлекордың басты әкім енді мысын,
Ең әуелі ойлайтын елдің ісін.
– Оралхан бұл айтсам мен ең дұрысы,
Күллі мынау Шығыстың Кербұғысы.
– Елдік істе есі бар егеспейді,
Сұңқарлар менен сауысқан тенеһпейді.
Әлі талай ұрпақтың көз алдына,
Кербұғысы Алтайдың елестейді.
Орын алды мінекей, алып төрден,
Ол бағаны өзіне халық берген.
Ал, Оралхан шабытты осы тұрған,
Өздеріндей тамаша алыпты елден.
...Осы сөзі ойынан шықты көптің,
«Мынау әкім мөссаған, мықты» деппін,
– Көсегеніз көгерсін, – дейді бір қарт,
Көшін талай аймақтың тіпті жектің!



Оралханға орнатқан алып мүсін,
Әкім ісі толқитты халықты шын.
Орыстанған шаһарда осылайша,
Бердібектің беделді таныпты ісін.
...Қыран құстар қақпайды құр қанатын,
Жүрегіне кей-кейде жыр қонатын.
Мұқағали сияқты мұзбалақпен,
Туған күні керексе бір болатын.
...Сыр суындай сырғиды бейне ғұмыр,
Көшкен бұлтқа теңейміз кейде оны бір.
...Ескерткішін Оралхан ашарында,
Осылайша Бердібек сөйледі бір.
...Кенет бұлтты ақ жауын құйды түре,
Жұрт көңілі сонан сыр түйді, міне.
Каламгерге көрсеткен құрметі үшін,
Рахмет, Бердібек билігіне!
Өмір еді баулыған білімге оны,
Аты аңызға айналған бүгіндері,
Осы Бекен арықты іске қосқан,
Аты шулы Арыстан бап түбіндегі.
Талай бөгет тұрса да кеселенген,
Оның қажыр-қайраты еселенген.
Өзбекәлі сияқты өр тұлғаға,
Орын тапты ол осынау кесенеден.
Шегендеген болғанда шетте шатақ,
Іздеген жок ол тіпті көктен атақ.
Түркістанның тойын да мың бес жүз,
Денгейінде ЮНЕСКО өткен атап.
Адалдығы аманат – ел ісіне,
Аты мәлім Алаштың тегісіне.
Лайықты болмасаң ұят тегі,
Бердібектей тұлғаны бес аймақтың,
Ол кеткелі есіне жиі апты елі...
Оның өзі ойласаң ойхой, дүние,
Қабырғасы қазақтың сияқты еді...

Аманат

...Ерте,
ерте
ертеде,
Мен туған бұл өлкеде
Татулықты ту еткен ел болыпты,
Ханы болса ақылды, қарапайым,
Байы менен кедейін тең көріпті.
Тасына да жан бітіп гүл шығыпты,
Соны көрсе хан байғұс күрсінді.
Бірақ жары тақсырға айтпайды екен,
Біткен жаңа бойына тіршілікті.
Құдай пейілін бұл елге құлатқан ба?!



Артық екен тұрмысы жұмақтан да,
Және бопты сұр мерген осы ауылда,
Мұрттай аңын ұшырған бір атқанда.
Бір-біріне сенімді,
Түнде есікті
Ашық тастап алаңсыз күн кешіпті.
«Ат ұстары» жок патша
Қартайғанда
Арман еткен болсам деп бір бесікті...
Сезім бар ма күдірет күшті арманнан,
«Балам жок» деп ешкімге тіс жармаған.
Хан ұдайы қауіпті күтеді екен,
Күндік жерде отырған дұшпан ханнан.
...Аз ғана айлар өткенде бері содан,
Жау шауыпты хандықты өрісі аман.
Бейбіт елге дұшпаны бейкүт тиіп,
Түн ішінде болыпты ел іші алаң.
Соғыс елге тажал ғой тосын, өзге,
Ер түгілі жинапты есін езде.
Хан әйелі толғағы кепті лезде,
Азан-қазан боп жатқан осы кезде,
Хан шаттанып қуағанда мұны көрген.
Ел ішінің есіне ырымы енген.
Әйелінің қолына қанжар сыйлап,
Аттаныпты жауға үйден шығып елмен.
Босаныпты кешікпей ханша қатын,
«Сүйіншілеп» кез бес осы жар салатын?!
Көрші әйел де қуанғаннан құрақ ұшты,
Тәтті үмітпен өткізген әр сағатын.
Хан әйелі сәлден соң өзіне кеп,
Көршісіне жеткізген сөзі бөлек:
– Саған балам аманат ақиретте,
Мән-жайымды отырсың сезіп ерек.
...Соны айтқанда көзіне жас тұныпты,
Көңіліне үміттен қос тігіпті.
Кіндігін де кестіріп,
Әлгі әйелдер
Ақыреттік бір-бірін дос қылыпты.
Сәбиінен ана үшін асқан не бар?!
Хан тақсырдан бермепті еш жан хабар.
«Босағамда өлейін, балам аман
болса бопты
жетеді қашқанда ажал...»
Хан тақсырдың шыбын боп ұшқан жаны,
Кеткен тұста түнеріп дұшпан ханы,
«Алдыма әкел әйелді сәбиімен,
Ажал күшсын қолыма түскен бәрі...»
Артық түк жок ханшаның шешімінен,
Ажал тосып пайда жок кешігуден.
Бір иіскеп ап баласын көрші әйелді,
Жібереді шығарып есігінен...
Өр көкірек басқыншы болмасын ба?!
Таппаған соң баласын, жолдасын да,
Тіс жармаған ханшаны балқып тұрған,
Өлтіріпті батырып қорғасынға.

...Сұр мергеннің әйелі баланы алған,
Салиқалы болатын саналы ол жан.
Жасырыпты сәбиді жау көзінен,
Ұра қазып үйінен ала таңнан.

Ал, күйеуі сұр мерген құралайды
Көзіне атқан,
Сертке адал,
Сірә да ойлы,
Жау жүректің өзі екен, оған да жау.
Басқыншылық әдеті ұнамайды,

Адал жанға Алланың амалы кен.
Бір көзінің болса да жанары кем,
Хан жанында қаһарлы қанша жауын,
Қырып сапты бүкір бел садағымен.

...Күйреп жатқан хандықтың аумағы мың,
Сүзгісінен өтсе де беу, бәрінің.
Хан баласын таба алмай мұқалыпты,
Патшасының жігері жау жағының.



Аманатқа айтсам ба, адалдықты,
Онай емес оны айту маған тіпті.
Аманаттың атасы керек болса,
Айту керек әуелі Адамдықты.

Бадам Алаш баяғы текті менің,
Токтағанша кеудемде от жүрегім.
Мынау бізге қалдырған дарқан дала,
Аманаты бабалар деп білемін.

Елім менің ертегі,
ғажап бүгін,
Бақытсыз деп айтады Қазақты кім?!
Аға ұрпақтың тапсырған аманаты,
Қолда тұрған бүгінгі азаттығым.

Асқар тауым...
орманым...
көл-теңізім,
Болашаққа аманат өлке... түзім.

Табиғатқа қиянат жасамаңдар,
Таба алмайсың тамшыдай ертең ізін.

Мақсатына адалдық танытпаған,
Адам болып ешқашан жарытпаған.
Қарынсызға бос қарын бітіргенмен,
Дарынсызға еш дарын дарытпаған.

Талаптыға болғай да халқы қорған,
Аманатқа бірі адал бәлкім, оннан.
Солар, солар жетеді мақсатына,
Сүрінсе де қайтпайды жарты жолдан.

Аманаттың ақ туын құлатпаған,
Сол жеңімпаз сертіне тұрақты адам.
Әлгі әйелге ел бірза хан баласын,
Жаудан аман ап қалған, жылатпаған.

Талай түндер бесігін тербетіпті,
Тас қияға талабын өрлетіпті.
Тасқа біткен тамыры талдай бала,
Өр рухты ақын боп ержетіпті.

Артта қалған баяғы бейбак қоғам,
Тәңір талант аямай сыйлапты оған.
Есімі елге тарапты,
Өйткені оның
Өлендерін әр ауыл... үй жатпаған.

Ал, екінші анасы енді кемі,
Токсан жасап, бітерде соңғы демі.
Өзі кешкен өмірдің шындығына,
Ақын ұлын шақырып сендіреді.

Боп-боз болып ұлының кетті рені,
Анасына маңдайын өптіреді.
Аманатын досының орындаған,
Әлгі әйелді жұрт батыр деп біледі...

Серттен тайса,
Ол адам – осал адам,
Көлеңкесі өзінен босамаған.
Тағдыры да тосын сый тоса ма оған?!
Атам қазақ баласы ешқашан да,
Аманатқа қиянат жасамаған.

Көрші қыз

...Көршінің қызы керемет еді,
Әкесі оның жақсы адам.

«Көршінің қызы» әні

...Көнебөген даласы.
Көрікті шақ.
Көктем.
Қырға кетті ешкі, өріп тұсақ...
Сол даланың төсінде асыр салып,
Сен жүруші ең еркелеп, елік құсап.

Жүканасы қыстайғы жоқ мұз-қардың,
«Өларасы» өйткені өтті ызғардың.
Сонда маған көрінді ақша бұлт боп,
Арасынан гүл терген топ қыздардың.

...Жыңғыл гүлдеп,
жұпарын шашқан көктем,
Жолдас ағам үйленді тосқан көптен.
Бойжеткенге боратқан ғашықтық хат,
Беу, жігіттік біздің бұл бастан да өткен.

Қайта оралып кезім ол келмес менің,
Ақылсыздау, албырттау он бестемін.
Ауылдағы бес-алты теңдестерім,
Жоғалтқан кез қыз көрсе енді естерім...

...Қоңторғайлау кез еді әлі ел іші,
Біздің елдің сонда да кәделі ісі,
Той өткізу болатын.
Соның бірақ
Екі жастың тойы еді әдемісі.

О, дариға асқан той болмас одан,
...Жымияды мұртынан Жолдас ағам.
Шымылдықтың ішінде Орынша қыз,
Тығылған бір торғайдай торға сонан.

Шаммен жайнап әп-сәтте реніміз,
Тиіп кетсе білекке білегіміз,
Ток ұрғандай табанда тоқсан қуат,
Қатты-қатты соғатын жүрегіміз.

...«Қалау-қалау» болатын кезекті ойын,
Тендесінен тайқыды тежеп бойын.
Сөйтті дағы жаныма тығылды кеп,
Қуғын көрген қасқырдан көжектейін.

... «Қалау-қалау... кімді қалау?!
Арайлы күнді қалау,
Айсыз қараңғы түнді қалау,
Жазды қалау... күзді қалау,
Өне бір қызды қалау».

...Ойыны бұл бас қосқан қыз-жігіттің,
«Қалау-қалау» өзі осы ізгі үміттің.
Теңін тапқан қос жастың қараларын,
Тас қараңғы кететін үздіріп түн.

...Иә, көршінің қызы бұл,
кіші менен,
Ойым жоқ кез махаббат ісіменен.
Сезімнің бірлік ұшыменен.
Ерінің білдірім ұшыменен.

Маған солай әлде бұл көрінді ме?!
Сондай сәттің ұмыттық көбін міне,
...Сыртқа шығып кетті ол дос қызымен,
Сәлден кейін әрірек шегінді де,

Көк мұхитта жүзетін көңіл-кеме,
Батылдығым жетпеді менің неге?!
Екеумізді жіберген алшақтатып
Балалық қой.
Өкпем жоқ о күнге де...

Бәйшешектей енді-енді бүр жаратын,
Мысалыға айтайын «Р» деп атын.
Орталықтан қашықтау оның үйі,
Біздің үйге көршілес,
мүлде жақын.

Әкеміз де болатын құрдас кісі,
Анашымнан анасы бір жас кіші.
Басымыздан мұндай сәт кешпегенбіз,
Бұған дейін екеуміз бір жақсысы.

Сырын айтса бұтына симайды ақын,
Екеумізге болса да үй-жай жақын.
Қазіргідей ватсап жоқ,
Оған арнап
Сырын хатқа мен едім шимайлайтын...

Біз – от едік бүрк етер қауға түссе,
Көп ұзамай бір ұшқын лаулады іште.
Көрші қыздың үйіне көп қараймын,
Көз алартқан ұрыдай бауға түсте.

Бұл сырымды білмейтін әлі ел іші,
Шіркін, қыздың болатын әдемісі.
Содан кейін бораттым хатты қардай,
Бозбаланың осындай бар еді ісі...

Бәріміз де ержеттік,
қыр асты ұлан,
...Жазғытұрым жауқазын, гүл ашты маң,
Күліміреп сен келе жататынсың,
Күнекейдей шыққан бір күн астынан.

Осылайша кеудемде гүлдепті арман,
Он бес жаста ойыма жыр боп қонған.
Осы қыздың атының алғашқы әрпін,
Оқырманға айттым мен білмек болған.



Суреттер ашық дереккөзден алынды.

Өткені бар адамның бар ертені,
Ел есінде сол адам қалар тегі,
Әлгі қыздың ажарын әнге қосып,
Әділхандар айтады әлі ертегі...

Өле-өлгенше ойымнан қалмас менің,
Махаббаты мен едім алғашқы оның.
Менің ұлы сезімге осылайша,
Көрші қыздан басталған қанбас шөлім.

Қызбен жүру ұят кез саналатын,
Бірте-бірте ауылға тарады атым.
Келеңсіздік осындай керек болса,
Кенесінде ұстаздар қаралатын.

Бұл ісімнің көңілге түйді оғашын,
«Жетпегір» деп желкемнен түйді анашым.
Қыз анасы үн-түнсіз кешке қарай,
Жүгірді ала жымынып иінағашын...

Мұхиттарға асыққан мен өзен ем,
Көз алмаушы ем көршілес терезеден.
Есігіне телміріп екі көзім,
Жүрек байғұс төргі үйде төгеді өлең...

Бермесе де жауабын сан хатымның,
Ғашық болсаң, болмайды жанда тыным.
Атым әлі шықпаған ақын болып,
Альс кезі еді ару Алматының...

Өткен күнге сірә дә өлшем бар ма?!
Тағдырымның жазғанын көрсен де алда.
Көп ұзамай көрші қыз теңін тауып,
Қашып сонан келіпті көрші аудаңға.

...Келмейді ұйқым көзімді ілгенменен,
Кетпейді естен қанша өмір сүргенменен.
Бұл хабарды есітім ауыл жақтан,
Арман қуып алыста жүргенде мен.

Сен тәкаппар,
Өжет ең,
Отты,
Өр едің,
Бәлкім, ынжықтығым үшін сен өкпеледің,
Бәлкім, саған жылы сөз айта алмадым,
Сол үшін де өзімді жек көремін...

Өмір көші осылай жалғасады,
Желдей ескен уақыт алмасады.
Жас ержетіп, жасамыс жөнеледі,
Өтеді уақыт.
Қабірін қар басады...

Сонан көктем келеді жер жаңарып,
Тіршілікке төселдім мен қалалық.
Анда-санда қырларым жарық көрсе,
Оқиды екен о жақта ел қадалып.

Жылдар, жылдар заңына көндіретін,
Жар сүйетін менің де келді ретім.
Асау атқа міндім мен өлең атты,
Ақын болдым кешікпей ел білетін.

Ол да міне, ойдағы тапты арманын,
Ата берсін арайлы ақ тандарын.
Бақытты бол алғашқы махаббатым,
Балауса сезімімнің жаққан шамын.

Толыбай АБЫЛАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Қызылорда облысы әкімінің
«Тұран» және Жарасқан Әбдірашев
атындағы республикалық әдеби
сыйлықтардың иегері,
Арал ауданының
құрметті азаматы.

Ауыл шаруашылығы – Ел байлығы санаққа қатысу, үлес қосу
Сельское хозяйство – богатство страны внеси вклад, участвуя в переписи!

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз
sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан
Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа
Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября
Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446
www.sanaq.gov.kz

ЖОБА

Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры аумағынан тыс жерлерде дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатты жинау және дайындау үшін төлемақы ставкалары туралы

Қазақстан Республикасының «Өсімдіктер әлемі туралы» 2023 жылғы 2 қаңтардағы №183-VII Заңына, 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» кодексінің (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қызылорда облысының мемлекеттік орман қоры аумағынан тыс жерлерде дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізатты жинау және дайындау үшін төлемақысының ставкалары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазым аты-жөні

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ОТХК» БК» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 19.08.2025 ж. сағ. 12:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Еңбекші а/о, Еңбекші ауылы, әкімшілік ғимаратта «Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы және Қызылорда облысы, Шиелі ауданындағы Инкай кен орнының №4 учаскесін игеру жобасына» әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтініш беру материалдары бойынша (ЖБШН, ӨЭБ, ҚББ, ТҚШ, ҚОҚБ) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізетіні туралы хабарлайды.

Жобаларды әзірлеуші: «Gravity Construction KZ» ЖШС, БСН 940940001510, Алматы қ-сы, Медеу ауданы, Шевченко к-сі, 5/92, тел.: +7-700-222-45-33, e-mail: e.zhangaly@gmail.com.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «ОТХК» БК» ЖШС, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қызмешек к., 1-ы/а, 23, 36 п. БСН 140840001183, e-mail: info@ughk.kazatomprom.kz, тел.: +7-7252-99-73-93.

Жобалық құжаттама пакетімен ҚО мен ТР ЖКТ ҰДБ сайты <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және ЖАО «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында танысу өтуге болады. Мекен-жайы: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1. E-mail: prd@korda.gov.kz

Жобаланатын объектілердің орналасуының географиялық координаттары: 1 - 45°11'45"N; 67°30'32"E. 2 - 45°11'02"N; 67°32'12"E. 3 - 45°11'42"N; 67°33'18"E. 4 - 45°12'18"N; 67°33'20"E.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары 44°10'20"N 66°44'09"E.

Төтенше жағдай және/немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай енгізілгенде қоғамдық тыңдау онлайн режимде өткізіледі. Төтенше қосымша ақпарат алу және онлайн конференцияға қосылу үшін контактілер берілген: тел.: +7-700-222-45-33, e-mail: e.zhangaly@gmail.com.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірінші экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілу күніне дейін 3 жұмыс күні мерзімінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «СП «ЮГХК», в соответствии со ст.96 Экологического кодекса РК, сообщает, что 19.08.2025 г. в 12:00 по адресу: РК, Кызылординская область, Шиелийский район, Енбекшинский с/о., с.Енбекши, здание акимата проводятся общественные слушания по материалом к заявке на получение разрешения на воздействие (НДВ, ПЭК, ПУО, ППМ, РОСО) к «Проекту разработки участка №4 месторождения Инкай в Сузакском районе Туркестанской области и в Шиелийском районе Кызылординской области Республики Казахстан».

Разработчик проектов: ТОО «Gravity Construction KZ», БИН: 940940001510, г.Алматы, Медеуский район, ул. Шевченко, 5/92, тел.: +7-700-222-45-33, e-mail: e.zhangaly@gmail.com.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «ЮГХК», РК, 161006, Туркестанская область, Сузакский район, п.Кызмешек, микрорайон 1, д.23, кв.36, БИН 140840001183, электронный адрес: info@ughk.kazatomprom.kz. Тел.: +7-7252-99-73-93.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте НБД СОС и ПР <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области». Адрес: г. Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, e-mail: prd@korda.gov.kz

Географические координаты проектируемого объекта: 1 - 45°11'45"N; 67°30'32"E. 2 - 45°11'02"N; 67°32'12"E. 3 - 45°11'42"N; 67°33'18"E. 4 - 45°12'18"N; 67°33'20"E.

Географические координаты территории воздействия 44°10'20"N 66°44'09"E.

В случае введения чрезвычайного положения и/или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ниже приведены контакты для получения дополнительной информации и для подключения к онлайн-конференции: +7-700-222-45-33.

e-mail: e.zhangaly@gmail.com.

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3-х рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шалкия ЦИНК ЛТД» АҚ 2025 жылғы 22 тамызда сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалкия а.о., Шалкия а., Мұстафа Шоқай көшесі 7 үй (Мәдениет үйі) мекен-жайында 2027-2036 жылдарға арналған «Шалкия» кен орны экологиялық әсер етуге рұқсат алу үшін жобалық құжаттар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Әсер ету радиусы – Жаңақорған ауданы аумағында (координаттары: 67°23'20", 44°0'50").

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірінші экологиялық порталда, сондай-ақ «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей беріледі. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көш., № 1, эл. пошта: Prd@korda.gov.kz, тел.: +7(7242)-60-53-62.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар келесі сілтеме бойынша онлайн режимінде өткізіледі:

<https://us05.web.zoom.us/j/88584695525?pwd=gqt7nKfoN-NOYNxYkiVVG9gC4s2t74z.1>

Конференцияның идентификаторы ID: 384 703 5477
Кол жеткізу коды: 3qa8xB

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Шалкия Цинк ЛТД» АҚ, БСН 010440003931, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауд., Шалкия а.о., Шалкия а., М.Шоқай көш., 32, тел.: 8 (724) 357-9107, e-mail: info@zinc.kz

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қ.Мұхамедханов көш., 21 үй 7/32, тел.: 8-705-723-53-63, e-mail: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» веб-сайтында танысуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Шалкия ЦИНК ЛТД» сообщает, что в «15:00 ч 22 августа 2025 года по адресу: Кызылординская область, Жанакорганский район, Шалкинский с.о., с.Шалкия, ул. М.Шокай д.7 (Дом культуры)» состоят общественные слушания в форме открытого собрания по проектным документам на получение экологического разрешение на воздействие для месторождения «Шалкия» на 2027-2036 гг..

Радиус воздействия – на территории Жанакорганского района (координаты: широта 67°23'20", 44°0'50").

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», по адресу: г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1., эл. адрес Prd@korda.gov.kz тел.: +7(7242)-60-53-62.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме по ссылке: <https://us05.web.zoom.us/j/88584695525?pwd=gqt7nKfoN-NOYNxYkiVVG9gC4s2t74z.1>

Идентификатор конференции: 384 703 5477
Код доступа: 3qa8xB

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Шалкия ЦИНК ЛТД», БИН 010440003931, Кызылординская область, Жанакорганский р/н, Шалкинский с.о., с.Шалкия, ул.М.Шокай, 32, тел.: 8 (724) 357-9107, info@zinc.kz.

Разработчик: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, Республика Казахстан, г. Астана, ул. К.Мухамедханова дом 21 7/32, тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ndbecology.gov.kz/> и сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шалкия ЦИНК ЛТД» АҚ 2025 жылғы 21 шілде-25 шілде аралығында «Шалкия» кен орнының тау-кен жұмыстарын жүргізу салдарын жою жоспарын түзету жобасы бойынша жария талқылаулар арқылы өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> бірінші экологиялық порталда танысуға болады және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының олар орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін қолжетімді болады.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «Шалкия ЦИНК ЛТД» АҚ, БСН 010440003931, Қызылорда облысы, Жаңақорған ауд., Шалкия а.о., Шалкия а., М.Шоқай көш., 32, тел.: 8 (724) 357-9107, e-mail: info@zinc.kz

Әзірлеуші: «КазПрогрессСоюз» ЖШС; БСН: 110240020787, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қ.Мұхамедханов көш., 21 үй 7/32, тел.: 8-705-723-53-63, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, эл. пошта: Prd@korda.gov.kz, тел.: +7(7242)-60-53-62.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «Шалкия ЦИНК ЛТД» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту «Корректировка Плана ликвидации последствий ведения горных работ месторождения «Шалкия» в период с 21 июля по 25 июля 2025 года. Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda?lang=ru> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней.

Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: АО «Шалкия ЦИНК ЛТД», БИН 010440003931, Кызылординская область, Жанакорганский р/н., Шалкинский с.о., с.Шалкия, ул.М.Шокай, 32, тел.: 8 (724) 357-9107, info@zinc.kz.

Разработчик плана ликвидации: ТОО «КазПрогрессСоюз»; БИН: 110240020787, г. Астана, ул. К. Мухамедханова дом 21 7/32, тел.: 87057235363, email: kazprogresssoyuz@yandex.kz. МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении публичных обсуждений – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», по адресу: г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, эл. адрес: Prd@korda.gov.kz, тел.: +7(7242)-60-53-62.

«Даму» кепілдік қорлары: бизнеске арналған жаңа мүмкіндіктер

«ДАМУ» ҚОРЫНЫҢ КЕПІЛДІГІ

www.damu.kz

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалының директоры Жылқайдаров Айдос Әмірқұлұлымен сұхбат.

«Даму» қорының кепілдігі – банктен қаржы алуға кепілзаты жеткіліксіз кәсіпкерлер үшін тиімді құрал. Бұл мүмкіндікті қалай пайдалануға болады, қай салалар басым бағыт ретінде белгіленген және кімдерге кепілдік берілмейді – осы жайында өңірлік филиалдың директоры мәлімет береді.

– Айдос Әмірқұлұлы, кепілдік қорлары бөсен не және ол кәсіпкерлерге не үшін қажет?

– Кепілдік қорлары – бұл Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, сондай-ақ Үкіметтің 2025 жылғы 2 сәуірдегі қаулысына сәйкес «Даму» Қоры негізінде құрылған жаңа қолдау тетігі. Кәсіпкер банктен несие аларда кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда кепілдік құралын қолдана алады. Бұл құрал, әсіресе, ауыл-аймақтардағы кәсіпкерлер үшін маңызды, өйткені ауылдық жерлердегі мүлік құны ірі қалаларға қарағанда төмен болып бағаланады. Соның салдарынан кәсіпкер қаржыландыруда қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Кепілдік қорлары осы мәселені шешуге бағытталған.

– Қанша кепілдік қоры бар және олардың айырмашылығы неде?

– Қазіргі таңда 2 кепілдік қоры жұмыс жасайды. Кәсіпкер банктен несие аларда кепілзат жеткіліксіз болған жағдайда ұсынылатын 1-кепілдік қоры құны 7 млрд теңгеге дейінгі жобаларды қамтиды. 2-кепілдік қоры несие сомасы 7 млрд теңгеден астам ірі жобаларға арналған.

– Бірінші кепілдік қоры қандай шарттармен кепілдік береді?

– Бірінші кепілдік қоры аясында қолдау алуға шағын, орта және ірі бизнес өкілдері қатыса алады. Кепілдік берілетін жоба аясында қаржыландыру сомасы 7 млрд теңгеден аспайды. Кепілдіктің максимал мөлшері – несие сомасының 85%-на дейін, бірақ максималды 3,5 млрд теңгеден аспайды. Несие мақсаты – айналым қаражатын толықтыру, инвестициялар және қолданыста бар несені қайта қаржыландыру болуы мүмкін. Көрсетілген тізбеге салалардың кең спектрін қамтитын 60-тан астам экономикалық қызметтің жалпы классификаторы енгізілген. Негізгі бағыттар қатарына – өңдеу өнеркәсібі, көлік және қоймалау, туризм, ақпарат және байланыс, білім беру, денсаулық сақтау салалары жатады.

– Екінші кепілдік қоры қандай жобаларға арналған?

– Екінші кепілдік қоры қаржыландыру сомасы 7 млрд теңгеден жоғары жобаларды қамтиды. Ал айналым қаражатын толықтыру мақсатына жобаның жалпы құнының 40% көлемінде қарастырылған. Берілетін кепілдіктің максимал мөлшері – жоба құнының 30%-на дейінгі мөлшерді құрайды. Бұл кепілдіктер 15 жылға дейінгі мерзімде беріледі. Қолдау ала алатын салалар қатарына өңдеуші өнеркәсіп, тау-кен өнеркәсібі (өндірілген/қазып алынған материалдарды одан әрі қайта өңдеу шартымен), агроөнеркәсіптік кешен, энергетика, байланыс, көлік, туризм, денсаулық сақтау, білім беру, сондай-ақ инфрақұрылым салалары кіреді.

– Кепілдік алу үшін кәсіпкерлер қайда жүсіне алады?

– Кепілдік алуға кәсіпкерлер тікелей қаржыландыру жүргізетін екінші деңгейлі банктерге, «Даму» қорының өңірлік филиалдарына жүгіне алады және 1408 нөмірі бойынша Call-орталыққа – тегін қоңырау шалу арқылы ақпаратты біле алады.

– Бұл кепілдіктер кәсіпкерлікке нақты қандай пайда әкеледі?

– Кепілдік қорлары кәсіпкерлерге толық кепілзатсыз да қаржы алуға мүмкіндік береді. Бұл жаңа өндіріс орындарын ашуға, экспорт пен инфрақұрылымды дамытуға, жұмыс орындарын көбейтуге жол ашады. Бұл тетік кәсіпкерлікті кеңейтіп, инвестиция тартуға үлкен серпін береді.

– Кепілдік қорында шектеулер бар ма? Қандай кәсіп иелері оған кірмейді?

– Иә, шектеулер бар. Яғни, кепілдік беру бағдарламасының шарттарына сәйкес, акцизделетін өнім өндірушілер, шикізатты әрі қарай өңдеуді көздемейтін кен өндірушілер, геологиялық барлау және қарьер дайындау кезеңіндегі жобалар, жарғылық капиталында мемлекет үлесі 50%-дан астам квазимемлекеттік ұйымдар, кәсіпкер ретінде қызметті уақытша немесе толық тоқтатқан бизнес субъектілер, банктен немесе өзге де кредиттік ұйымдармен ерекше қатынастағы тұлғалар санатындағы кәсіпкерлерге кепілдік берілмейді.

– Қазіргі таңда кепілдік қорлары аясында қолдау алаған кәсіпкерлер бар ма?

– Кепілдік қорлары іске қосылғалы Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалы несие сомасы 909,8 млн теңгегі құрайтын 19 жобаға қолдау көрсетті. Бұл жобалар бойынша берілген кепілдік сомасы 448,0 млн теңгегі құрады. Аталған жобалардың ішінде басым бөлігі – өңдеу өнеркәсібі саласына тиесілі. Жалпы жыл басынан бері кепілдік құралы бойынша 124 жобаға қолдау көрсетіліп, кепілдік сомасы 10,8 млрд теңгегі құралды.

– Бизнес жолын енді бастаған, бірақ қаржыландыру алу қиындықтарына тап болған кәсіпкерлерге қандай кеңес берер едіңіз?

– Жаңадан бастаған кәсіпкерлерге кенесім – қолдаудан қорықпа. Кепілдік қорлары – жеткілікті кепілзатты ұсына алмайтындар үшін тамаша мүмкіндік. «Даму» қоры, банктен мен басқа да қаржы институттарындағы консультациялар сияқты барлық қолжетімді ресурстарды белсенді пайдалану маңызды, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнеске ашылатын мүмкіндіктерді де ұмытпау керек. Ең бастысы – өз күшіңе сену және жолда кездесетін қиындықтарға қарамастан, бизнесіңді дамытуға дайын болу.

– Тольқ сұхбатыңыз бен құнды ақпараттың үшін алғыс айтамыз. Алдағы жұмысыңызға және кепілдік қорларының дамуына табыс тілейміз.

– Ақпаратпен бөлісету мүмкіндік бергенің үшін рахмет. Кәсіпкерлер осы құралдардың барлық артықшылықтарын пайдаланым, өз жобаларын әрі қарай дамытады деп үміттенемін.

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдеев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013ж) 2014 жылдың 11 ақпанында қайтыс болған азамат Брекешев Джембул Бейсекеновичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ҚАЛАМҒЕР ТҮРҒАН ҮЙГЕ ЕСКЕРТКІШ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ



Фото: Аягүлжан

Өмірінің соңғы ширек ғасырында «Қазақстан» баспасының директоры қызметін атқарған қазақтың қаһарман ұлы, белгілі журналист, баспагер, аудармашы Нұрмахан Оразбек тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.

Іс-шараға Мемлекеттік сыйлық иегері, жазушы Бексұлтан Нұржекеев, белгілі ардагер-журналист Мамадияр Жақып, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов, Мәжіліс депутаты, ақын Қазыбек Иса, кен инженері, жазушы Өскенбай Құлатаев, қызылордалық жазушы Нұрмахан Елтай, басқа да зиялы қауым өкілдері келіп қатысты.

Жиынды Қасымхан Бегманов жүргізіп, іс-шараның мазмұнын аша түсті.

Нұрмахан Оразбекұлы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы «Қандөз» ауылында 1937 жылы желтоқсан айында туған. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері. Алматы облысындағы «Лле» кеңшарында, Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатында жұмыс істеген. Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Қарағанды облысының Жезді аудандық «Октябрь туы», Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан аудандық «Коммунистік еңбек» газеттерінде, «Лениншіл жаста» (қазіргі «Жас Алаш»), Қазақстан Жастар одағының Орталық Комитетінде, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде, Партия тарихы институтында қызмет атқарды.

Қазақ ақпарат агенттігінде (ҚазТАГ) бас редактор, директордың орынбасары болды.

Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы, Баспасөз министрлігінің мерзімді баспасөз басқармасының бастығы, ағылшын тілінде шыққан республикалық «Қазақстан» газетінің бас редакторы, 1995 жылдан «Қазақстан» баспасының директоры, сонымен бір мезгілде 2000-2002 жылдары республикалық «Ақиқат» журналының бас редакторы қызметін атқарды. «Қарсыбай Сыпатаев», «Құрбанбай Ырысбеков», «Капитал қамалындағы 18 күн», «Қасиеттің сен Отан!», «Қағажу көрген өмірден», «Бар айласы – бас пайдасы», «Мұхиттың арғы жағы, бергі жағы», «Шапық Шөкин» атты кітаптары жарық көрген. Атақты Оксфорд университетінің «Саясаттану», «Әлеуметтану» түсіндірме сөздіктерін түпнұсқадан аударған.

Жетпісінші жылдары «Қазақстанда қой басын 50 миллионға жеткіземіз» деген даурықпамен облыстардың әр ауданында комсомол жастар бригадалары құрылып, мектеп бітірген бозбалалар мен өрімдей қыздарды күштеп қой бағуға жіберген зорлық әрекет жаппай өріс алған. Өмірі ата-анасының маңынан ұзамаған балалар айдалада мал бағып жүріп, талай қиыншылыққа ұшыраған-ды. Оларға қой бақтырмақ түгілі үйден ұзап шықпаған көзсіз көбелектерді үлкендердің қарауынсыз тастау империяның өшпенді өктемдігі еді. Міне, сол саяси науқанға Нұрмахан Оразбекұлы қарсы шықты. Кейіннен бригадалар тарап, мал иелігі білікті мамандарға берілді.

«Орталық Қазақстан» газетінің бас редакторы болып тағайындалысымен басылым маңдайшасын-



дағы «Барлық елдердің пролетарлары бірігіңдер!» деген ұранды алып тастап, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деп жарқырата жазып қойған алғашқы батыл сарашы.

Журналист Қарағанды облысына барған алғашқы жылдары Теміртау қаласында бірінен соң бірін сегіз қазақ жігітін асып өлтірген жантүршігерлік оқиға болған-тын. Обкомның бюросында бас редактор тұрып: «Бұл қалай, қазақтарды қорлау ма? Құқық қорғау органдары ай қарап отыр ма, бақылайтын обком қайда?» деп ұлттын қорғады.

1991 жылғы Мәскеудегі Тамыз оқиғасы көпшіліктің есінде. ГҚЧП туралы естісімен Нұрмахан Оразбек өзі басшылық жасайтын «Орталық Қазақстан» газетіне «Жексенбіден дүйсенбіге қараған түні төңкеріс болды» деген бас мақала жазып дайындады. Және де қосымша «Иә, бұл – төңкеріс!» деп мәлімдеме-мақаласында тағы нықтады. Материал 20 тамызда жарық көрді. Шыңдығында, бұл сол уақыт өлшемімен алғанда көзсіз ерлік еді. Кейіннен бір жаймашуақ кезде жазушы Сапабек Әсіпұлы: «Біздің құлдық психологиядан арылғанмызды Нұрмахан осы мақаласымен сақтап қалды» деп бағалағаны бар. Расында бұл ел тәуелсіздігіне жасаған империяның шабуылы еді. Нүрекең оған қаламымен қасқайып қарсы тұрды.

Бұл туралы өз сөзінде Парламент Мәжілісінің депутаты, ақын Қазыбек Иса: «Бұл журналистің өзіне шығарған үкімі болатын. Егер оқиға әрі қарай өріс алып, билік төңкеріс жасағандардың қолына тигенде Нұрмахан Оразбек бірінші болып ату жазасына кесілетін еді. Ол мұны білді, сонда да елі үшін қарсы тұрды» деді. Сондай-ақ халық қалаулысы 2021 жылы батыл қаламгерді елуден астам қазақ зиялыларының «Халық Қаһарманы» атағына ұсынғанын, оны есте қалдыру шараларының Алматы, Астана, Қарағанды, Қызылорда, Түркістан қалаларында аталып өтуі мен көше атауларының беруіне оған бюст орнату туралы мәселе көтерілгенін еске салды. Бұл туралы әлі де тиісті орындармен жұмыс жалғасатынын да айтты. Осы шараның ұйымдастырылуына қаламгердің жары, баспагер Әдия Садырова бастаған ынталы топ көп еңбек етті.

Жыны барысында сөйлеген зиялы қауым мен туыстары естеліктер және ұсыныс-пікірлерімен бөлісті. Сонынан «Нжу» мейрамханасында арнайы ас беріліп, дұға жасалды.

Н. НАЗЫМХАНҰЛЫ,
Алматы қаласы

ТАНЫМ МЕНДЕЛЬСОН МАРШЫ

Шаңырақ көтеріп жатқан жастардың тойына біріміз де барып, бар кәдесіне, қызығына ортақтасып жүрміз. Бірақ сол тойдың басталар етінде де, сонына дейінгі елдің назарын екі жасқа аударатын тұстарында да ойналып тұратын салтанатты әуеннің тарихына мән беріп көрмейміз-ау. «Бақсам, бақа екен» демекші, бұл композитор Феликс Мендельсонның 1826 жылы 17 жасында Уильям Шекспирдің «Жазғы түнгі ұйқы» комедиясына арнап жазған көтермелеу маршы екен. Ал әуеннің атауы «Есек пен королеваның үйлену маршы».



Болашақ композитор Феликс Мендельсон банк қызметкері Авраам Мендельсонның отбасында өмірге келіпті. Ал атасы – атақты еврей философы Мозес (Мойсей) Мендельсон. Мозес Мендельсон тым көріксіз, бойы өте аласа, оның үстіне бүкір болған көрінеді. Бірде Гамбург көпесінің үйінде қонақта болғанында Мозес көпестің айдай сұлу қызы Фрумтгені көріп, ессіз ғашық болып қалады. Бірақ айдай ару Фрумтге ергежейлі жігітке назар салудың өзін артық санайды. Қонақтан қайтарда Мозес бар батылдығын жиып, қызға сөз салуға бекініпті. Періштедей қыздың бөлмесіне кіріп, қыздың өзіне көз қиғын салуға да жиіркеніп тұрғанын көріп қатты қорласа да өзін-өзі қолға алып: «Сен некенсіз аспанда қиялатыңа сенесің бе?» дейді. «Сенемін», деген Фрумтге қырын қарап тұрған күйі: «Ал өзің ше?» депті. «Мен де, дейді Мозес сөзін жалғап: – Ал, білесің бе, ана жақта, аспанда ер бала өмірге келгенде, Жаратушы оның кімге үйленетінін шешеді екен. Мен дүниеге келгенімде Жаратушы ием менің болашақ қалыңдығымды көрсетіп: «Мынау бүкір, бойы аласа әрі көріксіз әйел сенің қалыңдығың болады» дегенде, мен бар даусыммен: «Жаратқан ием, аяушылық жасашы, ер адам болса тағдыр жазуына көнер бәлкім, ал әйелдің сондай күйде болуынан асқан қасірет жоқ қой. Олдан да менің болашақ қалыңдығыма жазылған тауқыметті маған бер де, әйелімнің елден асқан ару болуын нәсіп етіш» деп, тілек тілегенмін.

Дәл осы сәтте Фрумтге Мозестің көзіне тура қарап, бір минуттық үнсіздіктен оның тағдыршешті пайым-парасатын өзінің болашақ тағдырына сыйғызып үлгерді де, тәуекел етіп, қолы мен жүрегім ұсынады және өмір бойы адал жар болып өткен көрінеді.

Осыдан жиырма бес жылдай бұрын көзімді емдетуге Қызылорда қаласындағы енді ғана пайдалануға беріліп жатқан облыстық медицина орталығына жаттым. Бір палатада төрт адам болды. Ең үлкеніміз 1925 жылғы, бойы бір метрден сал асатын Сапар ақсақал. Жарасымды сақал-мұрты бар, әңгімешіл, домаланған ақсақалдың әңгімесін тыңдап, қызметін жасаудан шаршамалық. Соғыстың соңына қарай әскерге алынған, бойы тым аласа Сәкенге өзге жауынгерлер баласындай өбектеп, шайқастан аулақтау ұстап, ештеңе істепті. «Полк баласындай болдым» дейді ақсақал сол кездегі қаруластарына деген ризашылығын жасыра алмай.

Ауруханаға кемпірі, екі баласы келіп тұрды. Сәкеннің бойы апамыздың иығына да жетпейді екен. Сыйластықтарына сызат түспегені, бақытты екендері әзіл-қалжыңдарынан байқалып тұрды. Бір ыңғайлы уақытта Сапар ақсақал соғыстан кейінгі қиын-қыстау уақытта Құдай қосқан қосағымен қалай табысқандарын майын тамызып айтты берген.

Шыңдығында, «Мендельсон маршы» авторының атасы айтқандай, некеңін аспанда қиялатын, яғни тағдырды Жаратушының белгілейтіні рас болса керек.

Әлімжан ҚИЯС,
Қазалы ауданы

Ұрпағы үшін отқа түспеген...



– Ақ қар жатыр, ақ қар жатыр, – деп шулайды ақсақалдар.
– Ендеше сол таудың басы ақ па, сендердің сақалдарың ақ па? – дейді Хошбар.
– Таудың басы ақ, – дейді қариялар.
– Мен сол ақ бас Қап тауының баласымын. Оның басы сіздердің сақалдарыңнан қадірлі. Үзәлді жұта алмағаным, – деп Хошбар желе жортып жүре берді. Қасына адам ертпейді.

Бай батырды құрметтеп, бөлек үйге түсіреді. Алдына дәм, шарап қояды. Шарап буынына түсіп, босай берген Хошбарға бірнеше жасауыл жабылады да, бір биік төбенің басындағы жалғыз ағашқа апарып байлайды. Жауыз бай жалғыз баласын үйлендіріп жатқан күні Хошбардан құтылмақ болған екен. Ағашты айналдыра қау ете түсетін

құрғақ отынды үйеді. Халқын жинайды. Ағашты айнала от қояды да көпшілікке қарап:

– Қазір Хошбар өледі, өлер кезіндегі үш ауыз тілегін тыңдайық, не дер екен? – дейді.

Жұртшылық жанған оттан үрейленген Хошбар жанына сауға сұрар деп қалған, бірақ от жалынына шімрікпей қараған ол:

– Зұлым бай, тілегімді сұрасаң орында. Бірінші тілегім, екі қолымды шеш. Көз жұмар сәтінде өмірлік серігім болған сыбызғымды ойнайын, – дейді.

Бай батырдың тілегін орындап, оның қолын шешеді. Хошбар беліндегі сыбызғысын алып, бір мұңды әуенге басады. Мұны естіген аң мен құс, айналасындағы адамдар ауыздарын ашып тұрып қалады.

Хошбар екінші тілегін айтады: – Енді менің аяғымды шеш. Ақырғы рет билеп көрейін. Қашпасыма кәміл сен, – дейді.

Бай Хошбардың аяғын шешеді. Сыбызғымен қосыла билеген Хошбар тамызыққа өз қолымен от қояды. Айналасы алауға бөленеді. Сол алаудың ішінде жаңушыра билеген батыр көпшілікті аң-таң қалдырады. Соның ішінде бай мен баласы қатар тұр екен. Аңдаусызда жалт ете қалған Хошбар байдың үйленіп жатқан жалғыз ұлын қағып түсіп, от ішіне қайта сүңгіп кетеді де, қайтып шықпай қояды. Баласының жан даусы шыққан кезде бай от айнала жүгіреді. Сонда Хошбар:

– Жауыз бай, тез арада қасыма кел. Егер ұрпағына шын жаның ашыса, егер ұрпақ үшін өмір сүретін болсаң, егер шаңырағым қурап артта қалмасын десең, жалғыз баланың орнына өзін түс, баланды босатамын. Ол бізден соң шыңдық пен жалғанды білетін болады, – дейді.

Бай баласы үшін отқа түсе алмай, кыр айналып жүгіре береді. Бұл кездері байдың баласын ұсыныс шығармай Хошбар алаулап жанған оттың ортасында ағашпен бірге жанып тұр еді дейді.

Жалғыз баласынан да жанын аяп, Дағыстан еліне тірдей маскара болған жауыз байдың қалған өмірі қорлықпен өткен екен. Қай заманда да ұрпақ үшін отқа түспей, келешекке кемел мұра қалдыра алмайсың.

– Ойпырмай, адамдар мұндай қатыгез болады екен ғой. Қой беремін десе де қайырылмады ғой. Анау маған көз қырын салмай өткен бес адамның кім екенін білесің бе? – деп сұрайды жарты адамнан.

– Ол сенің бес уақыт намазың, – дейді жыланның құтқарған көріп жан.

– Намаз болса, маған неге қайырылмады?

– Сен тіршілікте бес уақыт намаз дегенді білген емессің. Сондықтан олардың саған рақымы түспеді.

– Жаксы, намаз қайырылмасын. Онан соңғы топырлаған отыз адам кімдер?

– Ол – отыз күнгі оразаң. Ораза ұстап, құдайға құлшылық етпегенің олар да қайырылмады.

– Сол отыздың ішінен біреу: «Қойынды жыланға шалсаң, жаның қалар» деді ғой. Ол кім?

– Ол оразаның бір күнінде кездесетін қайырымды қызыр таңы.

– Ал, сенің өзің кімсің?

– Мен сізден кезінде кішкене қайыр көрген өлі аруақ едім. Жан даусың құлағыма жеткен соң көрімде тыныш жата алмай, көмекке келдім.

– Ал белуардан төменгі жағды неге жоқ?

– Сіздің тіршілікте берген қайырымдылығың өзі жарты күлше нан болатын. Менің жарымжан болып келуімнің себебі сол...

Ақсақалдар әңгімесін осылай қайыратын.

Еркін ӘБІЛ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қайыр қылсаң, бүтін қыл

Ертеде итке сүйек қимайтын, қайырымсыз қатал бай болыпты. Өмір-бақи жиып-терген дүние-малы өз кеңірлегінен де жүрмей, лақ мұрын қанаса қатты қайғырады екен. Қайырымсыз бай қатыгез сараңдығымен есігінде жүрген жалшылардың зығырын шығарып, аздырып-тоздырып жібереді. Ең аяғында елден безген сараңның қара басы ығылым малға ие болуға шамасы келмей, жұмсаған құлы тіл алмай, өлуге келеді. Өрім-өрімі шығып, жалаң аяқ, жалаң бас қой соңында өзі жүріп, бір әдемі қобдишаға кез болыпты. Дүние көзінен тескен бай әп-сәтте есінен айырылып, әлгі қобдишаны ашып қалады. Сол кезде қобдиша ішінен бұрқ етіп бу көтеріледі, әлгі бу құйынша бұратылып барып, үлкен жыланға айналады. Жылан бас көтерген сәтте не боларын күтіп, еминіп тұрған сараң байды көреді де, суаң етіп мойнына орала кетеді. Зәресі ұшып кеткен бай жыланның шыбын жанын қиюын сұрап, зарлана бастайды.

– Жоқ, мен сені жеймін. «Жатқан жыланның құйрығын баспа» деген атаның айтқанын тыңдаған жоқсың. Иманьды үйіре бер, – дейді, жылан байды буыңдыра түсіп.

Бай малдың қызығына түсіп жүріп, кәлімесін қайыруды да үйренбеген екен. Екі көзі алақтап жан-жағына қарайды. Сөйтсе ауылдың маңымен өтетін соқпақ жолдың үстемін бес адам кетіп барады екен. Бай ойбайын салады:

– Мені мына жыланның құтқара көріндер! Жасаған жақсылықтарың үшін бір марка қозы беремін.

Бірақ бес адам бұл жаққа мойын бұрып та қарамай, жөнімен жүре берді. Бай алақтай бастаған шақта сол жолдың үстінде топырлаған отыз адам көрінеді. Қуанып кеткен сараң тағы да айғайға басады:

– Ей, адамзаттың балалары! Мені жылан шаққалы жатыр. Осы құраудан құтқарып, өмірміңді сақтап қалған жанға құрбандыққа шалатын бір қойым бар. Құтқара көріндер!

Отыз адам да қайырылып қарамай, алған бағыттарымен жүре берді. Тек ортасынан құдайына қараған біреуі бұрылып:

– Сол құрбандықты жыланға шал. Бәлкім, босатып қалар, – дейді.

Бай жыланға қой бермекші болады, бірақ қаталанып алған жылан оған да көнбейді.

– Жоқ, мен бүгін сені ғана сорып жатуым керек.

Шошып түскен сараңның жан даусы шыға айғайға салады. Осы кезде жер астынан белуарына дейін жоқ жарым-жарты бір кісі шығады да, қолындағы таяғымен ширатылып тұрған жыланды қақ басынан бір қояды. Тағы да бұға айналған жылан кілт көтеріліп, қайтадан сандық ішіне сіңіп, ғайып болады. Сандықтың аузын жапқан соң сараң бай өзінің құтқарушысына қарап, аң-таң қалады.